



MÁSELE

БЕНЗИН НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Сәуір айы көлік жүргізушілеріне тәуір болмай тұр. Ай басталысымен жанар жағармайдың бағасы 19 теңгеге бірақ шарықтады. Жыл басында АИ-92 бензинінің литрі 149-150 теңгеге сатылса, бүгінгі нарық 169 теңгені құрап тұр. Бұл – табысын теміртұлап тұр тауып отырғандар үшін жайсыз жаңалық. Бағаның бұлай құбылуына не себеп?

Энергетика министрлігінің хабарлауынша, елдегі мұнай өнімдерінің жиынтық қоры жеткілікті деңгейде. 225 мың тонна бензин 20 тәулік бойы қажеттілікті қамтамасыз ете алады. Ал 298 мың тонна дизель отыны ішкі нарықтың қажеттілігін 27 тәулікке қамтамасыз етеді.

– Баға белгілеу кезіндегі негізгі факторлар – Қазақстан Республикасындағы мұнай құны, процессинг, салықтар мен акциздер, зертханалық сынақтар мен қоспалар бойынша шығындар, банктік қарыздарға қызмет көрсету, цистерналарды беру-жынау, тауарды тасымалдау және басқа да ілеспе шығындар болып табылады. Тұтынушылар үшін түпкілікті баға мұнай өнімінің көтерме құны, автожанармай құю станциясына дейінгі барлық көлік шығындары, мұнай базаларында сақтау, бөлшек саудада өткізушінің шығыстары, сондай-ақ акциздер мен салықтар негізінде қалыптасады, – дейді вице-министр Әсет Мағауов.

Оның айтуынша, ҚР ішкі нарығында жанар-жағармай бағасы сураныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады, яғни нарықпен реттеледі. Қазір елдегі орташа алғанда бензин бағасы 160 теңге шамасында. Өзге елдермен салыстыратын болсақ, бұл елдекей төмен. Мысалы,



Қырғызстанда 92-бензин бағасы литріне 185, Өзбекстанда 260 (63% жоғары), Ресейде 255 теңге (59% жоғары).

Дегенмен вице-министр көрсіле елдердегі жүйенің басқа екенін дерей жауап секілді. Мысалы, Өзбекстанда бензин бағасы 260 теңге болғанымен аталған суммаға көліктің салығы қосылған. Ал, солтүстік көршіміз Ресейде 2021 жылдан бастап салықты алып тастап, одан түсуі тиіс болған түсімді отын акцизі есебінен өтеу жоспарланған.

Жалпы бензині арзан елдердің алғашқы үштігіне Венесуэла (8,4 теңге), Иран (29,5 теңге) және Ангола (102,6 теңге) кіреді. Ең қымбаты Сирияда, бұл елде

бензиннің бір литрі 1,1 мың теңге тұрады.

Тақырыпты тарқатқанда мұнай және газ саласында қызмет ететін бірнеше сарапшымен пікірлестік. Соның бірі – Олжас Бейділдинов. Олжастың пікірінше, бензин бағасы бір жыл бұрын өсу керек болған.

– Нарықтық экономика жағдайында бағалар бір жыл бұрын өсуі керек еді. Бірақ тұтынудың төмендеуі мен пандемияға байланысты 2020 жылдың қаңтарынан бастап қайта өңдеуге арналған акциздердің өсуіне қарамастан, олай болмады. Біз бағаның өскенін, одан кейін төмендегенін байқаған жоқпыз. Сол кездің өзінде мұнай өндіруші

және өңдеуші компаниялар үшін бағалар тұтастай алғанда шығынды болды. Бір жыл бұрын көптеген сарапшылар мұнайдың әлемдік бағасы 3 есе төмендеді, яғни Қазақстанда да баға 3 есе төмендеуі тиіс деп айтты. Бірақ ішкі нарықтағы бағалар бұрыннан дотациялық және олар әлемдік бағадан едәуір төмен. Бензин бағасы неден құралады? Мұнай өндірудің өзіндік құны, МӨЗ-ге дейін тасымалдау бар. МӨЗ-де мұнай өңдеу бар. Сондай-ақ дайын мұнай өнімдерін ЖМҚС желілеріне дейін жеткізу қажет. Өрине жанармай құю станцияларының да өз шығындары бар. Айта кетейік, маржа бұрын 3-5 теңге

болса, қазір ол литріне 1-3 теңге шамасында, тіпті одан да төмен. Brent сорты – мұнайдың эталондық түрі, біздің мұнай, мұнайдың басқа да көптеген түрлері сияқты, сапасының әртүрлі болуына және өзге де экономикалық себептерге байланысты осы көрсеткішке қарап, дисконтпен/жеңілдікпен сатылады, – дейді мұнай-газ саласының сарапшысы Олжас Байділдинов.

Бағаның күр көтерілуіне көлік жүргізушілері наразы. Себебі тапқан табысының тең жартысынан көбін жанармайға жұмсайды.

– Айлық жалақымыз 115 мың шамасында. Көлігіме күніне 2000 теңгеге бензин құямын. Қазіргі бағамен есептесем аталмыш сомаға 11 литр ғана құяды екенмін. Айына 60 мың теңгені жанармайға жұмсаймын. Жұмыстан кейін қосымша жұмысымыз такси қызметі. Соңғы кезде Indriver-дың да қызметі жоғарылап кетті. 400 теңгенің тапсырысын орындасақ, 10 пайыз Indriver-дің қызметі ұсталынады, одан бөлек taxi park қызметі тағы алынып, 400 теңгеден тек 300 теңгесі қалады. Мен секілді такси қызметіне шығатындар көп болғандықтан тапсырыс оңайлықпен келмейтіні тағы бар. Сондықтан қазір күнкөріс бірте-бірте қиындап барады. Неге газге ауыстырмайсыз деген сауал туындауы мүмкін. Өу баста зауытта қалыптан келмейді. Мұнай өндірудің өзіндік құны, МӨЗ-ге дейін тасымалдау бар. МӨЗ-де мұнай өңдеу бар. Сондай-ақ дайын мұнай өнімдерін ЖМҚС желілеріне дейін жеткізу қажет. Өрине жанармай құю станцияларының да өз шығындары бар. Айта кетейік, маржа бұрын 3-5 теңге

2

Салтанат ҚАЛМЫРЗАЕВА, эпидемиолог:

Ағзаның екпеге қарсы реакция беруі – қалыпты жағдай

Ел үміт күткен екпенің аймаққа жеткеніне де ұзақ уақыт бола қойған жоқ. Ресми дерекке сүйенсек, ай басуан кейін 7450 тұрғынға ресейлік Спутник-V вакцинасы салынған. Ендігі мәселе, вакцина қабылдағаннан кейінгі күтімде екені анық. Осы тақырыпта толығырақ білу үшін эпидемиолог маман Салтанат Қалмырзаевамен тілдестік.



– Вакцинаны қай жастан бастап салдыруға рұқсат етілген? Қазір ел арасында егде кісілерге екпе салдыруға тарауда. Бұл ақпаратты рас?

– Вакцина 18 жасқа толған азаматтардан бастап салынады. Бастапқыда екпені 65 жасқа дейін салуға рұқсат берілді. Кейін жаңа қаулы аясында 65 жастан асқан кісілерге де ерікті түрде салуға болады деген бұйрық шықты.

– Вакцина салдырғаннан кейін мазасыздық пайда болатыны да жиі айтылуда. Жалпы екпеден кейінгі ауырсыну ненің әсерінен болады?

– Иә, вакцинадан кейінгі бастапқы сәттерде ауырсынудың болатыны рас. Оған әр адамның ағзасы әртүрлі реакция береді. Бұл қалыпты жағдай. Негізінде кез келген екпеден кейін ауырсыну болады. Өйткені антигелла ағзаға түскенде адамның қызуы көтеріледі немесе

дене ауыруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

– Ал екпе салдырған соң қалай күтіну керек? Қандай ем-шара жасаған дұрыс?

– Екпе салдырғаннан кейін үш күнге дейін шомылмаған дұрыс. Себебі екпе салдырған жерге су тигізуге болмайды. Сонымен қатар үш күн ішінде алкогольды сусындар ішуге де тыйым салынады. Өйткені бірінші компонентте 26 серотин болса, екінші компонентте 5 серотин бар. Бұл микробактериялар ағзаға әсер етеді. Тағы бір ескертін жайт, жылы суды көп ішіп, физикалық қозғалысты азайтқан абзал.

– Екпе салдырған қызметкер ауырсыну басылғанша жұмыстан босатыла ма?

– Иә, егер вакцинадан кейін қызметкер өзін жайсыз сезінсе, жұмыстан босатылуы тиіс. Қызметкер

JEDEL SUNBAT

ANALYSIS

ЖАБАЙЫЛЫҚТЫҢ ШЕГІ



«Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада» деген бабаларымыз. Бала атаулының есіл-дәртті ойын ойнау екені рас. Күнделікті таңертеңнен кешке дейін ойынның қызығына батса да, бала деген ешқашан ойынға тоймайды. Ойын мінез ерекшелігінің қалыптасуына және бала мінезін ашылуына септігін тигізеді. Қоғам байланыс орнату, қоршаған ортамен тіл табысу тәсілін бала ойын ойнау арқылы үйренетінін ескерсек, қаламыздағы әрбір үйдің жанында балалар ойнайтын аула болуы қажет. Бірақ қаламыздағы балалар ойын алаңы сын көтере ме?

Гүлдана
ЖҰМАДИНОВА



6

БЕНЗИН НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Жалғасы. Басы 1 бетте

Тағы бір сарапшымыз Ерлан Жаукин бензин бағасының көтерілу себебін айтып берді. Маманның сөзіне сүйенсек, бензин бағасын арттыруға мәжбүрміз.

— Біріншіден, мұны мәжбүрлі шара деп топшылауға болады. Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына келіп түсетін мұнайдың бағасы қымбаттағандықтан, осылай болып отыруы әбден мүмкін. 2021 жылдың басынан бері мұнай өнімдерін тасымалдау қызметінің құны артқанын да ұмытпау керек. Бұл жерде “мәжбүрлі шара” деп отырғанымыз мынау: Жанармайдың ең төменгі баға дәлізін жер қойнауын пайдаланушылар субсидиялап келген. Яғни, өңделетін шикізаттың бағасына жеңілдіктер жасайтын. Бұл баға мен экспортқа шығатын мұнай бағасының айырмашылығы 50 доллардай болады. Қазір аталмыш жеңілдіктің көлемі 80-130 доллар аралығында болып тұр. Бұл жерде баға мұнайдың қай жаққа жөнелтілетініне қарай құбылады. Жер қойнауын пайдаланушылардың көбі келісімшарт бойынша өндірген мұнайдың 35-45 пайызын ішкі нарыққа өткізуге міндет алған. Қазір олар шығарған өнімінің 75-80%-ын ішкі нарыққа беріп отыр. Отандық мұнай өңдеу зауыттарындағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Оның үстіне мұнай өңдейтін жаңа өндіріс көздері іске қосылып жатыр. Тұтас жылмен есептегенде, ішкі нарықтың тұтыну көлемі шамамен 2 млн тоннаға жетіп отыр. Осылайша қазақстандық мұнай өңдеу зауыттары өңдеуге қажетті шикізатты толық көлемде әрі үлкен жеңілдікпен алып отыр. Есесіне жер қойнауын пайдаланушылар мынадай жайттарды бастан өткеріп жатыр:

- кен орнының сарқылуы салдарынан мұнай алу көлемі түсіп барады;
- мұнай экспорты әлсіреп, оны сатудан түсетін пайда қысқарды;
- ішкі нарыққа субсидияланған бағамен беретін мұнайдың көлемі өсті.

Бір сөзбен айтқанда, мұнай өндірісінің азайып, ішкі нарыққа жеткізу көлемі артқандықтан жер қойнауын пайдаланушылардың кірісі кеміп отыр. Тиімді бағамен экспортталатын өнім көлемі төмендеп, тиімсіз бағамен ішкі нарыққа өткізу көлемі ұлғайған. Қазіргі жағдайда мұнай экспортынан түскен пайда көптеген

жер қойнауын пайдаланушының ішкі нарыққа жеңілдікпен мұнай өткізген кездегі шығындарын жаппай отыр, — дейді Ерлан Жаукин.

Ерлан мырза қазақстандық жанармай құю станциялары мен көрші елдердің жанармай құю станцияларындағы баға айырмашылығы да өз әсерін тигізбей қоймайтынын алға тартты. Сарапшы Ресей Федерациясындағы жағдайды мысалға келтіреді.

— Бүгінде Ресейдің бізбен шекаралас өңірлерінде АИ-92 маркалы бензиннің 1 литрі қазақстандық баламасынан 90-100 теңгеге қымбат. Бұл — біздің бензиннің осы елге ағылуына түрткі болатын жайт. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында осындай жағдай-

кенін естіп, азық-түлік бағасына да әсер ететінін біліп отырмыз. Өйткені өңірге азық-түліктің 80 пайыздан астамы қара жолмен яғни көлікпен жеткізіледі. Сатушылардың жеке көлігі болса бір сәрі. Барлығы жалдамалы түрде жеткізіледі. Жанармай қымбаттаған соң жеткізушілердің де қызметі қымбаттай түсетіні айдан анық. Бірақ өзінге базардағы баға тұрақты. Бүгінде халықтың сұранысына ие бірнеше тауарлардың бағасына тоқталып кетейін. Цеснаның 5 келі ұны — 1385 теңге, Ақниет элиталы күріштің 5 келісі — 1460 теңге, Мадина макарон — 495 теңге, Монти печенесінің келісі — 595 теңге, тауықтың қанаттарының келісі — 995 теңге. Бірақ бұл бағалар бензиннің қымбаттауына байланысты көтерілуі бек мүмкін, — дейді Сұлтан сауда орталығының сатушысы Мадина Керімжанова.

Көктем шықса егін шаруашылығына ойысатындардың да көңіл күйі күпті. Олай болатыны да заңдылық. Бензин көтерілген сайын дизель отыны да тұрақтамай тұр. Бірақ энергетика вице-министрі Әсет Мағауов ауыл шаруашылығымен айналысушыларды алаңдамауға шақырды.

— Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп көктемгі егін жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын жеткізу бойынша

облыстарды МӨЗ-дерге және ресурс ұстаушыларға бекіту кестесін бекіттік. Кесте аясында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тоннасына 174 000 теңге Павлодар мұнай-химия зауытынан және «Петро Қазақстан ойл Продакс» бағамымен беріледі. Атырау мұнай өңдеу зауытынан тоннасына 172 000 теңгеден жеңілдетілген дизель бөлінеді. Кесте бойынша бағамен 380 мың тонна дизель отыны қарастырылған, — деді вице-министр.

Жоғарыдағы сарапшылардың пікіріне сүйенсек, бензин бағасы жыл соңына дейін тіпті шарықтап кетуі әбден мүмкін. Елімізде жылына 80 млн теңгеден астам мұнай өндіріліп, шикізат және өңделген күйінде шетелге шығарылып, еліміздің бюджетіне қомақты қаржы түсуде. Әрине, еліміздің алға қарыштап дамуына мұнай экспортының қосқан үлесі ерекше. Алайда табиғат-ананың берген байлығын ұтымды пайдалана алмай отырғанымыз қынжылтады.

Ерасыл ШӘРІБЕК



ларды байқауға болады. Бензин бағы орнатылған ауыр жүк көліктері аталған өңірлердің жанармай бекеттерінен жиі жанармай құяды. Мұндай «фураның» біреуі ғана 4 мың тонна бензинді алып өтіп, ресейлік жанармай құю станцияларына қымбат бағамен сата алады. Бензин бағасының бұл жолғы қымбаттауын «мәжбүрлі шара» деп отырғанымыз осы. Соның арқасында мұнай өндіру мен оны ішкі нарыққа жеткізудің экономикалық тепе-теңдігін қалпына келтіре аламыз. Біздегі бензиннің көрші елдің нарығына ағылуы ешқандай пайда әкелмейтіні айтпаса да түсінікті. Біздің ойымызша, АИ-92 маркалы бензиннің бөлшек саудадағы бағасы литріне 170-175 теңге болғаны әділетті, — деді сарапшы.

Жанармайдың жоғарылауы базар бағамына да әсері етуі бек мүмкін. Бүгінде сатушылар мен тұтынушылар жанармай бағасының өсуіне байланысты азық-түліктің бағасы да көтеріліп кете ме деп алаңдаулы.

— Көлік жүргізбесек те бензин бағасының шарықтап кет-

BILIM ONLINE

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, “Сыр үміті” жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен “Bilim Online” интеллектуалды сайысы өтті.

Білім сайысы онлайн түрде Instagram әлеуметтік желісі арқылы жүргізілген. Сайысқа 25-ке жуық жас қатысып, үш кезең бойынша сынға түсті. Алғашқы кезеңде қатысушылар Абай әлемі бойынша сауалдарға жауап берсе, екінші кезеңде әлемге әйгілі ескерткіштер жайлы, үшінші кезеңде Тәуелсіз Қазақстан жайлы берілген тапсырмаларды орындады.

Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі I орынды Асхат Жаузабай иеленсе, II орынды “Good Deed” еріктілер клубы иеленді. Ал III орынға “Абакус” білім орталығы тұрақтады. Жеңімпаздарға ұйым-



дастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтар табысталды.

ТАРТЫСТЫ ОЛИМПИАДА

Қызылорда көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Экономика негіздері» пәнінен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында облыстық олимпиада өткізді. Білім бәсекесі облыстық оқу орталығының қолдауымен ұйымдастырылған.

Олимпиадаға облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарынан 11 білім алушы қатысты. Білім бәйгесіне Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің экономика ғылымдарының кандидаты А.Наурызбаев, «Есел және аудит» мамандығының аға оқытушысы А.Әлімбаев, «Бумер ЛТД» ЖШС-і бас бухгалтері Р.Боранбаев қазылық етті. 3 кезең бойынша өткен олимпиада нәтижесінде I орынды М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық

колледжінің білім алушысы Бекхан Асылбекұлы, II орынды Қызылорда медициналық жоғары колледжінің білім алушысы Ақжүніс Сәкенқызы, III орынды Қызылорда көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжінің білім алушысы Нұргүл Амангелді иеленді. Барлық қатысушыларға облыстық оқу орталығының сертификаттары табысталды. Айта кетейік, олимпиада барысында барлық санитарлық талаптар сақталды.

Г.ӘБДІКӨРІМОВА

ЖАРҚЫРА, ЖАСА, ЖАС МАМАН!

Академик С.Жиенкұлов атындағы Байқоңыр колледжінде Халықаралық авиация және ғарышкерлер күніне орай жас мамандардың қатысуымен “Жарқыра, жаса, жас маман!” тақырыбында кездесу өтті.

Іс-шара барысында орталықтың бөлім басшысы И.Қабатова, Қармақшы аудандық мәслихат депутаттары С.Жұмадияров және Ш.Дауленбаева жас мамандардың алдағы уақытта атқаратын жұмыстарына сәттілік тіледі. Айта кетейік, колледжде апта бойына түрлі бағытта өткізілетін іс-шараларға жас мамандар белсене қатысды. Жиын соңында жас мамандармен қоңақтар еркін пікір алмасты.



«ЖАС STAR» ЖҮЛДЕСІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Ақтөбе облысында ұйымдастырылған «Жас STAR» III республикалық музыкалық өнер байқау-фестивалінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің студенті Әділет Сапанов жүлделі I орынды иеленді.



Аймақ намысын қорғаған Әділет таланттардың басын қосқан байқауда топ жарудың оңай емес екенін айтады.

— Байқауға жетекшім Мырзағали Толыбековпен бірге дайындалдым. Сол үшін күніге 4-5 сағат уақытымды дайындыққа арнадым. Бірақ байқау басталар алдында менде қобалжу болды. Себебі жарысқа 35 домбырашы, 35 қобызшы, 12 баяншы, 4 баяншартер прималар қатысты.

Барлығы да үздік, аспапта өте жақсы ойнайды. Ең бірінші болып сахнаға мен шықтым. Байқаудан шыққандағы сезім басқаша болды. Ал жеңіс маған үлкен дайындықтың арқасында келді. Сол үшін ұстазыма үлкен рақмет айтамын, — дейді ол.

Айта кетейік, өнер фестиваліне жас талант домбыра номинациясы бойынша қатысып, “Күзгі әуен” және “Тарантелла” шығармаларын ойнаған.

САЛА ҮЗДІГІНЕ 30 СҰРАҚ

Арал аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Сала үздігіне 30 сұрақ» жобасы жүзеге асуда.



Аталған жоба аясында белсенді жастар аудандық жастар ресурстық орталығының үйлестірушісі, тәуелсіздік құрдасы Дархан Елубайұлымен кездесті. Дархан Елубайұлы өмірде жеткен жетістіктері, жинаған тәжірибесі, хобби және қазіргі қызметіне тоқталып, жастармен ой бөлісті. Сондай-ақ білім алуға ұмтылып, үнемі ізденіс үстінде болу қажет екенін айтты. Іс-шара соңында аудан жастары кездесуден ерекше әсер алғанын жеткізді.

ТУРИЗМДІ ДАМУ

Адамзаттың алғаш ғарышқа ұшуының 60 жылдығы аясында «Байқоңыр» кешенінде “Қазақ Туризм” ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ержан Еркінбаевтің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Онда Байқоңыр кешенінде алдағы уақытта ғарыштық туризмді дамыту, аэроғарыш өнеркәсібінің жұмыстарын жандандыру, кешеннің дамуына байланысты өзге де атқарылатын шаралар пысықталды.

Бұдан бөлек, «Байқоңыр» кешеніне әлемдік тәжірибелерді пайдалану арқылы кешенге келушілер санын ұлғайтудың басты бағыттары атал өтілді. Кешенге келушілер санын арттыру мақсатында түрлі жеңілдіктерді қарастыру алгоритмдері ұсынылды. Айталық, кешенге келушілер үшін өтінімнің қаралу мерзімін шетелдіктер үшін 45 күннен 5 күнге, Ресей және Қазақстан елдерінің азаматтары үшін 5 күннен 1 күнге дейін қысқарту, өтінімдер беру мерзімі бойынша талаптың күшін жою, туристік топтардың келісу рә-

сімдерін автоматтандыру, «Байқоңыр» кешеніне тұрақты әуе рейстерін ашу, орналастыру орындары мен мейрамхана қызметтерін жаңарту, туристік көрікті жерлерге бару құнын төмендету сынды іс-шаралар қарастырылған.

Сондай-ақ «Қызылорда облысының туристік саласын дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында» қаралғандай, «Байқоңыр» кешеніне аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына ақпараттық турлар ұйымдастыру көзделген.

ҮЗДІК КЕЛІН

Қазақ келінді әулеттің ұрпақ жалғастырушысы ғана емес, ұлт болашағының негізі деп санаған. Осы орайда облыстық жастар ресурстық орталығы мен жеке кәсіпкер Нұрсәуле Дәулетбаеваның ұйымдастыруымен жас келіндер арасында облыстық “Үздік келін” байқауы өтті.

Қазақ халқының ұмыт бола бастаған әдет-ғұрпын қалыпқа келтіріп, жас келіндерді ибалылық пен инабаттылыққа тәрбиелеуді мақсат еткен байқауға 11 жас келін қатысып, төрт кезең бойынша бақ сынады.

Нәтижесінде әділ-қазылар



алқасының шешімі бойынша I орынды Анеля Суюпова, II орынды Гүлнәр Мырзәліева, III орынды Құралай Шәкер-

ханқызы иеленді. Өзге қатысушыларға арнайы номинациялар мен ынталандыру сыйлығы табысталды.

Бетті дайындаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫНА ОРНАЛАСТЫ

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу — полиция қызметінің басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта қаладағы қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 90 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылды.

Бүгінде аймақта көмелетке толмағандар мен жастарға қарсы және олармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тұрақты түрде “Жасөспірім”, “Балалар түнгі қалада”, “Ата-ана. Жасөспірім. Көше”, “Тұрмыс”, “Квадрат”, “Учаске” жедел профилактикалық іс-шаралары өткізілуде. Іс-ша-

ралар нәтижесінде балаларын тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін тиісті деңгейде орындамаған 39 ата-ана өкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар түнгі уақытта (сағат 23:00-ден кейін) заңды өкілсіз жүрген 1246 жасөспірімнің ата-анасына қатысты өкімшілік шара қолданылды.

Бүгінде Үкімет халықты баспанамен қамтуда бірнеше бағдарламаны жүзеге асырды. Оның ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасымен баспаналы болған отбасы саны артқан. Бұл бағдарламаның тиімді екенін білдіреді. Бұдан бөлек өткен жылы Үкімет әйелдер қауымына арналған ипотека қолданысқа енетінін айтып, бір қуантты. Бірақ бірнеше себептерге байланысты бағдарлама биылға шегерілді. Аталған бағдарлама жарыққа шықпас бұрын қоғамдық талқылаудан өтті. Ең бірінші, бағдарламаның атауы сарапқа салынды. Көпшіліктің көңілінен шыққан «Ұмай» атауына таңдау түсті. Одан кейін әр әйел бағдарлама шартын оңтайландыруға бірнеше ұсыныс айтқан еді. Бұл ұсыныстың барлығы «Отбасы» банк қызметкерлері тарапынан сүзгіден өтіп, 12 сәуірден бастап жаңа «Ұмай» әйелдер ипотекасы іске қосылды. Ел күткен бағдарлама көпшілік көңілінен шықты ма? Бағдарламаның артықшылығы мен шартына тоқталсақ.


Әйелдер қауымы бағдарлама іске қосылады деген күннен бастап, бастапқы жарнасыз баспана алу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Ұсыныс ескерусіз қалмай, жаңа бағдарлама аясында бастапқы жарнасыз баспана алу қарастырылған. Бірақ несие рәсімдеуші азаматшаның айлық табысы жеткілікті болу керек. Ал егерде айлық табысы төмен, бірақ алатын үй құны жоғары болса, үйдің 15-20 пайыз бастапқы жарнасын депозитке салмай-ақ рәсімдеуіне болады.



Жанар Жанмурзина

— Бағдарлама бойынша несие мөлшері 12 пайыз және алдағы уақытта, яғни тұрғын үй заеымына ауысқан кезде несие мөлшері 3,5 пайызға дейін төмендейді. Несие беру мерзімі 25 жылға дейін қарастырылған. Бірақ бұл көрсеткішті әр клиенттің төлем қабілетіне қарай қысқартуға болады. Сондай-ақ тұрғын үйдің ең жоғарғы құны — 30 млн теңгеге дейін. Бағдарламаға қатысу үшін әр отбасының жалпы табысы 320 мың теңгеден аспауы тиіс. Мысалы, сіздің алатын үйдің құны 10 млн теңге. Ал табысыңыз 200 мың теңгеден аспайтын болса, «Отбасы» банк тұрғын үй заеымын 85 пайызын береді. Қалған 15 пайызын пәтерді сатушының өзіне немесе мердігер компанияға төлейді. Яғни банкте депозит ашып, жинақтаудың қажеті жоқ. Бұл жерде 200 мың теңгелік көрсеткіш отбасылық табыс көрсеткіші негізінде қарастырылған. Сондай-ақ отбасылық табысыңыз 200 мыңнан жоғары, бірақ 320 мыңнан аспайтын болса, Сіз тұрғын үй заеымын 80 пайызын аласыз, — деді сату және өңірлік даму департаментінің бас менеджері Жанар Жанмурзина.

Байқағаныңыздай, барлық мәселе табыс көзін растауға тіреледі. Егер табыс жоғары болса, пәтер алуға деген мүмкіндік те жоғары болғанмен, сатушыға беретін бастапқы жарна көлемі артатынын ескерген жөн. Ал енді отбасылық табыс дегенге тоқталсақ. Отбасылық табыс дегеніміз — әр отбасыға кіретін табыс. Егер сіз тұрмыста болсаңыз, ипотека рәсімдеу үшін жолдасыңыз екеуіңіздің табысыңыз 320 мыңнан аспау қажет. Егер несие алушы тұрмыс құрмаған немесе толық емес отбасы мүшесі болса, онда азаматшаның жеке табысы ғана есептеледі. Сондай-ақ жеке кәсіп иелері де бағдараламадан тыс қалмаған. Егер сіз жеке компанияда жұмысшы болып істейтін болсаңыз, соңғы 6 айлық табысты, ал жеке кәсіпкер болсаңыз,



«ҰМАЙ» ИПОТЕКАСЫ: ТИІМДІ ШАРТ, ЖОҒАРЫ ПАЙЫЗ

12 айлық табыс көзін көрсету міндеттеледі. Егер табысыңыз несие рәсімдеуге жетпесе, екі заемшы тұлғаны әкелуге болады. Яғни гарант тартуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар егер сіздің осы уақытқа дейін «Отбасы» банкінде алған ипотекалық несиеніз болса, бірақ тағы да баспана алғыңыз келсе, айлық табысқа қарай гарант табу қажет. Бұл жерде ескертетін жайт, яғни гарант жолдасыңыз бола алмайды. Үшінші тұлғаны қарастыру қажет. Досыңыз немесе кез келген танысыңыз гарант бола алады.

келсе, ең бірінші үй сіздің немесе жолдасыңыздың атында болуы және мұрагерлікпен табысталған болуы керек. Себебі жөндеу жұмысына несие алу үшін кепілге үй қою қажет. Осы талапқа сай келетіндер 3 млн 700 теңгеге дейін үйді жөндеуге несие рәсімдей алады. Ол үшін алдын ала жөндеуге кететін қаражаттың сметалық жобасы талап етіледі. Қанша қаражат қандай мақсатта жұмсалатынын нақтылау қажет. Жөндеу жұмысы аяқталған соң, клиент фотоесеп тапсыруы міндет, —

үйін алуды жоспарлады делік. Сонда оның 10 жыл бойы ай сайынғы төлемі: 200.000 + 83.333 = 283.333 теңгені құрайтын болады. 200.000 теңге ол банк пайызы ал 83.333 теңге депозитке түсіп отыратын қаражат, — дейді тұрғын үй нарығын зерттеуші сарапшы маман Ұлан Дәулетқали.



Мақсат Серікұлы

— Ұмай ипотекасы шартында екі табыс көлемін даму департаментінің Бірінші, 200 мыңға дейінгі табыс, екіншісі, 320 мыңға дейінгі табыс мөлшері есепке алынады. Бұл жерде көпшілік әйелдердің табысы төмен ипотека рәсімдеуге жетпейді деп жатады. Негізінде бағдарлама бойынша үй алу үшін отбасылық кіріс есептеледі. Яғни жолдасыңыздың жалақысы да кіреді. Мысалы, отбасылық табысыңыз 320 мың теңге делік, ал үйдің бағасы 22 млн теңге. Сізге банк үй құнының 80 пайызына дейінгі заемді береді. 22 миллионның 80 пайызы 17 млн 600 мың теңге болады. Қалған 4 млн 400 теңгені сатушыға санап бересіз. Осы тұста банк неге жоғары табыс табатындарға 80 пайызын ғана өтейді деген сауал туындайды. Оны келесідей түсіндіруге болады. Бағдарлама бойынша төлейтін ай сайынғы несие көлемі әр отбасыға кіретін табыстың 55 пайызынан аспауы тиіс. Сол көрсеткіш бойынша максималды заем көлемі 17 млн 600 мың теңгені құрайды. Бұл сомадан артық ешкім заемді ала алмайды. Ұнатқан пәтер құны бұл сомадан жоғары болса, сатушыға қолма-қол төлеу қажет, — дейді «Отбасы» банк менеджері Мақсат Серікұлы.

• Үйдің бағасы 22 млн теңге. Сізге банк үй құнының 80 пайызына дейінгі заемді береді. 22 миллионның 80 пайызы 17 млн 600 мың теңге болады. Қалған 4 млн 400 теңгені сатушыға санап бересіз.

Банк менеджерлерінің айтуынша бағдарлама әйелдерге оңтайландырылған. Ал сарапшылар бағдарлама бойынша үй алмас бұрын артық төлемнің қаншалықты болатынын есептеуді жөн санайды. Ал тұрғындар не дейді?

— Негізі бағдарлама орта тап өкілдеріне арналмаған. Шарты қолайлы болғанмен пайыз көлемі тым жоғары. Көпқабатты үйдің тұрғынымын, бағдарлама жарыққа шығады деген күннен бастап жер үй алу мүмкіндігін қарастырылса екен деп едім. Бірақ жер үй алу тиімсіз болып тұр. Өңірде орташа есеппен жер үйдің құны 13-15 млн аралығында. Оны 20-25

жылда өтеймін дегенше еркек болып кетеріміз анық. Елдегі әйелдердің табысы

20 пайызын салып, 20 жылға 7 пайызбен несие рәсімдеуге болады.

Үй құны	Бастапқы жарна	Несие мерзімі	Ай сайынғы төлем	Артық төлем
15 млн	3 млн	25 жыл	84813 мың теңге	10 млн 443 мың 900 теңге
10 млн	2 млн	25 жыл	56542 мың теңге	6 млн 962 мың 600 теңге

ерлерден төмен екені ескеріп, пайыздық үстемені төмендету қажет сынды. Сонда ғана атына заты сай бағдарлама болары сөзсіз. Әлі де үмітімді үзбеймін. Осы уақытқа дейін банк менеджерлері бағдарламаның атауын, шартын әзірлемес бұрын қоғамдық талқылаудан өткізді. Енді 12 пайыздық үстеме дегенде қуанышымыз

Жоғарыда көрсетілген кестеде несие мерзімі — 25 жыл. Бұл көрсеткішті төмендетсеңіз ай сайынғы төлем артып, несие пайызы төмендей береді. Яғни «Отбасы» банкіндегідей бағалау көрсеткіші қарастырылмайды. Одан қалды аралық, негізгі заем деп бас қатырмайсыз. Төленген бастапқы жарнаға пайыздық үстеме де

жұрмейтінімен тиімді. Елдегі ипотекалық бағдарламаның артуы тұрғын үй нарығындағы бағаның өсуіне әкелді. Осыдан 10 жыл бұрын халық тек ғана «Өз үйім» бағдарламасы бойынша 50 пайыз жарнаны жинақтау арқылы 3,5 пайызбен баспаналы болатын. Бұл бір жағынан халықты ақша жинауға үйретсе, екінші жағынан ай сайынғы төлем мен пайыздық үстемесі аз болатын. Жалпы ипотекалық бағдарламаның артуы нарыққа қаншалықты тиімді екенін экономист сарапшы Мақсат Халықтан сұрадық.



Мақсат Халық

— «Ұмай» бағдарламасын басқа да қолданыстағы бағдарламамен салыстырмалы түрде қарасақ, пайызы жоғары. Мемлекет ипотекалық бағдарламаларды көбейту арқылы тұрғын үй нарығындағы бағаның шарықтауына әсер етуде. Оған қоса, зейнетақы қорындағы қаржыны баспана жағдайын жақсартуға бағыттауының да әсері бар. Нарық заңына сәйкес, Үкіметтің негізгі міндеті елдегі ақша құнын қамтамасыз ету. Неғұрлым теңге құнды, инфляция деңгейі 4 пайыздан аспайтын болса, нарықтың заңы мен талабы орындарлар еді. Яғни Ұлттық банктың жыл сайын қоятын базалық мөлшерін 9 пайыздан түсіреді. Нәтижесінде екінші деңгейлі банктер 7-6 пайыз мөлшерінде ипотека бере алады. Мінекей, бізге осындай қадамға жұмыс істеу керек. Ол кезде халық арнайы бағдарламаларға қатыспай-ақ, ешқандай шектеусіз екінші деңгейлі банктің көмегімен баспаналы болады. Тек қана әлеуметтік осал топқа жататындарға төмен пайызбен беретін бағдарлама ашу ғана қажет. Ал жалпы халыққа түрлі бағдарлама ашып, ақша құнын өсіру, инфляция деңгейін жоғарылатады. Сондықтан Ұлттық банк базалық құнын түсіруге жұмыс істеуі қажет. Сонда ғана тұрғын үй нарығы реттеледі, — дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

Сарапшы мамандардың пікіріне сенсек, «Ұмай» бағдарламасымен баспана алар болсақ, несиені өтеп болам дегенше, үй құнынан бөлек 1,5 есе артық өсім төлейміз. Шарты

баспана алған тиімді, — дейді сарапшы маман Ұлан Дәулетқали.

• «БаспанаХит»-те 18 млн 750 мың теңгенің үйін банктен 20% бастапқы жарна салу арқылы 15 жылға алатын болсақ, айына 168.000 теңгеден шығады екен. Банкке 30 млн теңге қылып қайтарамыз.

Ал «7-20-25» бағдарламасын еліміздегі екінші деңгейдегі 9 банк жүзеге асырады. Бағдарлама шарты бойынша несие рәсімдейтін тұста жеке меншігіңізде баспана болмауы шарт. Сонымен қатар айлық табыс та маңызды. «7-20-25» бағдарламасы аясында баспана алу үшін үй құнының

оңтайландырылған бұл бағдарламаның пайдасынан зияны көп болып тұрғаны. Қай бағдарламамен баспана аламын десеңіз де өз ерікіңіз. Бірақ әр бағдарламаның пайыздық мөлшеріне мән беру маңызды. Әйтпесе тірнектеп жиган тиынымыз желге ұшуы мүмкін.

Айгүл ӨЛШЕРОВА

Ұстаз бен ұстам



«Жаны жақсы ағаның етегін баспа – жолын қу, болайын деген баланың бетін қақпа – белін бу» деген сөз тегін айтылмаса керек. Сыр өңірінің тумасы, мектеп

жасынан-ақ алғырлығымен көзге түскен Нұрболат Құдайбергенов әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығының «Мұнайхимиялық синтездер» зертханасына «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығынан III курстан бастап келді. Өзім де Қызылорданың қызымын ғой, әрі сабақ беретін ұстазы болдым, білімге құштар алғыр баланы бірден жатырқамай, өз ортамызға баурап алдық. Отбасынан, ортасынан алған тәрбиесі мықты алғыр шәкіртке Қазақстанның химия, мұнайхимия саласына саналы ғұмырын арнаған ғалым Хаким Абдрахимулының телегей теңіз білімі мен бағыт-бағдары үлкен ықпал етсе керек, қатарластарынан ерекшеленіп, ғылымға зор құлшыныс танытты. Сөз орайында айта кетейік, Нұрболат Хаким ұстаздың соңғы шәкірті болды. Нұрболат дипломдық, магистрлік, әрі қарай PhD докторлық жұмыстарын «Көміртек оксидтері негізіндегі синтездер» тақырыбында зерттей бастады. Біліктілігін арттыру мақсатында Венецияның Ка-Фоскари университетіндегі шетелдік ғылыми жетекшісі А.Вавасориге бірнеше

мәрте барып, ғылыми нәтижелерін нақтылады. 2019 жылы PhD докторлығын сәтті қорғаған Нұрболат өзінің ғылыми бағытын әрі қарай зерттеп, зерделеуге көшті. Соның нәтижесінде биыл Нұрболат Жарылқасынұлының жетекшілігімен жас ғалымдарға арналған грантты командамызбен жеңіп алдық. Енді алда үш жыл бойы мұнай өңдеу барысында қажетсіз органикалық заттардан синтетикалық әдіспен хош иісті заттарды синтездеп, карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін алу бағытында ғылыми зерттеулермен айналысамыз. Бұндай грант – бізге үлкен қолдау. Есімі үлкен әріптермен жазылатын ұстазымыз, ғылыми жетекшіміз, профессор Хаким Абдрахимулы Сүйербаевтың шәкірт тәрбиелеудегі үлгі-өнегесі әрдайым жадымызда. Ұстаз ұстанымы біздің алдымызда мәңгілік шамшырақ іспетті, ғылымдағы бейнетті әрі зейнетті жолымызды жарық етіп тұратынына сенеміз.

**Г.Ж. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
Ф.М.ҚАНАПИЕВА,
Алматы қаласы**

ІЗГІЛІК ДӘНІ



Алма мек қызғалдақ

«Жақсы қыз – баға жетпес бір гауһар тас, Он алты, он жетіге жеткенде жас. Жаннаттың пісіп тұрған алмасындай, Қол жетсе, қандай жігіт ләззат алмас», – деп Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романында аруды алмаға өте әдемі теңеген. Алма қазаққа таңсық емес. Қызғалдақ та сондай. Бұлардың біздің өмірімізге етене жақын болуының бір сыры Қазақ жері ежелден алма мен қызғалдақтың отаны саналады.

«Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бір жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек

жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған» деген жолдар бар Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында. Қызғалдақтың да отаны – Қазақ елі. Шу, Іле тауларының етегінен бүгінге дейін бастапқы күйінде сақтала отырып, бүкіл әлемге таралғанын тарих баяндайды. Алма да, қызғалдақ та түрлерін көбейтіп, сапасын жетілдірсе, әлемдік нарыққа төтеп беретіндей қазақстандық бренд болуға әлеуеті өбден жетеді.

6 сынып пен 7 сынып оқушылары үшін құрылған «Шаңырақ» қауымдастығының да мақсаты сол, Отанымыздың баға жетпес байлығын әрбір оқушының жүрегіне жеткізе айта алсақ, олар өскенде ғалым болып, арманымызды ақиқатпен ұштастырса деген ізгі тілек біздікі. Тіпті қай салада еңбек етсе де ел табиғатының қадір-қасиетіне жете алса, ізгі ниеттің іспен сабақтасқаны сол емес пе?!

Гүлжазира СҮЛЕЙМЕНОВА

Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпаққа тікелей байланысты. Ал сол ұрпақты тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Жаңа технология мүмкіндіктері

Қазір білім беру мазмұны жаңарып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Оның баланы тұлға ретінде дамытуда маңызы зор. Жаңа педагогикалық технология білім беруді жетілдіреді. Сол үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болу керек. Қазір жаңа педагогикалық технологияның түрі өте көп. Жаңа технологияны қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіс пен шығармашылыққа жетелеуге болады. Нәтижесінде оқушы компьютерде еркін жұмыс жасайды. Сондай-ақ жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады, өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады, ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.



Білім – болашақ бағдары. Жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту – кез келген оқу орнының басты міндетінің бірі. Ал ақпараттық құзыреттілік – жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру қабілеті. Осы арқылы біз білім берудің сапасын жоғары деңгейге көтере аламыз.

Ж.ШІЛДЕБАЕВА

МАМАН МІНБЕРІ

ШЕТЕЛДЕ ДІНИ БІЛІМ АЛУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

Шекара асып шетелден білім алу әр адамның көкжиек танымын кеңейтіп, озық үлгідегі бағдарламалармен танысып, тұлғалық дамуына елеулі әсер етеді. Осы тұрғыдан сыртқы ақпаратты тез қабылдауға бейім жастар шетелге барып білім ізденуге, өзге мәдениетпен танысуға құштар болып тұрады.

Дегенмен сырты жылтырақтың барлығы алтын бола бермейтіндігі секілді шетелден білім алудың соңы теріс көріністерге соқтыратыны да бар. Мұның нақты дәлелі тәуелсіздік жылдары қазақстандық азаматтар діни білімін жетілдірем деген ниетпен шетелдерге барып түрлі саяси, діни топтардың жетегіне еріп, рухани танымын мүлде басқа арнаға өзгертіп алды. Одан соң елге келіп, қазақ халқының тарихи сахнасында қалыптасқан мәдениеті мен дәстүріне кереағар идеологияны қарқынды түрде насихаттап, соңына ел тұрғындарын ертіп те үлгерді. Деструктивті көзқарастағы индивидтерді даярлайтын оқу орындардың білім беру жүйесінде әуелі ортақ құндылықтарды дәріптей отырып, ақырындап адам санасын еркін ойлаудан

ажыратады. Нәтижесінде оқыту процесінен өткен азаматтар өздері «идеал» тұтатын ұстаздарының кез келген бұйрығын бұлжытпай орындайтын «солдатқа» айналып, сол жолда құрбан болуға дайын тұрады. Мұндай «солдатқа»

айналған тұлғаларды саяси мақсатта ұйымдастырылған, діни терминдерді жалау еткен соғыс алаңдарына тарту оңай жүзеге асырылады.

Сондай-ақ ораторлық қабілеттерін жетілдірген аталмыш



«солдаттар» өз отандарына оралып, өзін ақиқаттың жаршысы ретінде таныта отырып, діндарлар арасынан белгілі бір «тобырды» қалыптастырады. Бұл процес сыртқы ықпалды күштерге өз мақсат-мүдделерін іске асырып отыруға тиімді құбылыс болмақ. Аталмыш сипаттағы діни ағымдар ислам әлемінде ғана емес, христиандық бағытта да кездесетінін естен шығармаған жөн.

Сондықтан шетелдік оқу орындарынан білім алғысы келген азаматтар әуелі діни танымын отандық білім ордаларынан қалыптастырып алып, содан кейін ҚР Дін істері комитеті мақұлдаған шетелдік университеттерге барып жалғастырғаны абзал. Осыған қатысты ҚР Дін істері комитеті 2014 жылы «Шет елдерге оқуға кететін азаматтарға арналған дін мәселелері жөніндегі жадынамасын» әзірледі. Шетелде діни білім алуға ниетті азаматтар осы құжатпен міндетті түрде танысуы керек. Себебі бұл құжаттағы нұсқаулықтарды толық орындаған әрбір азамат әуелі өз жеке тәуелсіздігін сақтай алады және түрлі топтардың құрығына ілінбейді.

Сондай-ақ отандық оқу орындар

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шет тілдері және іскерлік карьера университетінен «Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтарын игеруге болады.

Бұдан бөлек, рухани ізденістері, өздерін діни мәселелер мазалап жүрген азаматтар үшін ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңына сәйкес ҚР Әділет министрлігіне тіркелген, базалық сапасы қалыптасқан, Қазақстан Республикасы аумағында ислам дінін насихаттауға құқық берілген – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жұмыс жасайды. Қазақстандағы ресми тіркелген діни оқу орындар туралы ақпаратты осы басқарманың өкілдерінен тікелей сұрай алады және сайттарынан алуға мүмкіндіктер жасалған.

**Дархан ЕРНАЗАРОВ,
Қызылорда облысы
дін істері басқармасының
маманы**

Ана тіліме

Алмастай мұқалмайды дастан-жырым,
Ұрпақтарға жеткізген сөз-даңғылым.
Жоғалмайды, өйткені, өз тілімде,
Жазған қазақ шежіресін, тағдырын.

Ана тілім – ақиқаттың айбары,
Халқым менің ана тілмен жайдары.
Салт-дәстүрі қызықтырып әлемді
Мәртебесін көтерген көк байрағы.

Ана тілім бұрмаланса алқындым,
Айраулы түспесе деп халқымның.
Бабам салған, ана сүті дарыған,
Дана тілді қадірлей біл, жарқыным!

Дана ақын өсиеті

Келеді кең әлемде
дәуір гүлдеп,
Айтпағын
«қайдағы, – деп –
дел бәрін білмек»
Былай деп Абай
хәкім айтқан еді:
«Бәрін сүй
адамзаттың
бауырым, – деп».



Әуелі еңбек етсең
талаптанып,
Терең ой толқиды ғой
қанаттанып.
Қанағат, рақымды жадқа түйсең,
Тұрады арлы жүзден жанат тамып.

Кей кезде желөкпеден кетер қаулап,
Өсек пен өтіріктен болсаң аулақ.
Мақтаншақ, еріншектік, мал шашудан
Аулақ бол, алмасын ол бойды жаулап.

Ұлы Абай осылардан сақтандырған,
Жақпайды елге орынсыз мақтан аулақ.
«Асық бол бес нәрсеге» келер ұрпақ,
Халқына өсиетін деп қалдырған.

Асық боп бес нәрсеге жүрсе адам,
Өмірге, тілеуіне болмас алаң.
Абайды ардақ тұтып мерейтойда,
Бас иді данышпанға мына ғалам.

Ақынның айтқан мынау өсиеті,
«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек»
Ол жанның бұл болмаса қасіреті.

Р.С. Қабағын заманымның аңдап, барлап,
Абайды мен де оқыдым таңдап, талғап.
Алыбы адамзаттың ақын Абай,
Әлемнің төрт бұрышын кетті шарлап.

**Марал ОСПАНОВА,
ардагер-ұстаз
Абай ауылы**

Оқушыны тыңдау маңызды

Білім тәрбиенің негізін қалайтыны белгілі. Осы орайда жас ұрпақты жаңа дүниеге үйретуде модульдік оқыту технологиясының маңызы зор. Ол мектеп қабырғасында білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы уақытты үнемдеп, сабақтың сапасын көтеруге болады. Әрі оқу әдісі мен құралдарын таңдай отырып, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы артады. Модульдік оқытудың тағы бір ерекшелігі, сабақты мұғалім түсіндіре бергеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді. Бұл жерде оқушының өз ойын ашық жеткізе алуы маңызды. Сондай-ақ сабақ барысында бағалау парағы қолданылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады.

Ұлбосын МҮСЛІМҚЫЗЫ



Рамазан оразасы нижраттың екінші жылы парыз болған. Алла Елшісі (с.ғ.с) былай дейді: «Рамазанның бірінші түні Алла бәріне пейіш есіктерін ашады. Ай бойы бұл есіктердің ешбірі жабылмайды. Алла бір жаршыға бұйрық бергенде ол: «Уа, жақсылық күткен пенде, кел! Уа, күнә жолына түскен пенде, күнәдан қайт!» деп жар салады. Рамазан – осындай жақсылық пен кешірім айы.

Бүгін – сауапқа толы айдың үшінші күні. Осы орайда отыз күн оразаны құлшылықпен өткізуге асыққан оқырмандар үшін Қызылорда қалалық «Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаевпен тілдесіп, қасиетті айдың мән-маңызын тереңірек түсінуге тырыстық.



БЕРЕКЕЛІ АЙДЫҢ СЫЙЫ - ЖӘННАТ

– Айлардың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айына да қайта қауышып жатырмыз. Адам баласының жан-дүниесін тәрбиелейтін, рухани құндылықтарға жетелейтін ораза құлшылығы – дініміздегі бірден бір парыз ғибадат. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті Шағбан айының соңғы күнінде: «Уа, адамдар! Сендерге ұлық, берекелі ай келіп жетті. Бұл айда мың айдан артық Қадір түні бар. Алла осы айда ораза тұтуды парыз етті, ал түндерінде намаз оқуды ерікті қылды. Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз орындағандай. Ал осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындағандай. Бұл ай – сабырлылық айы. Ал сабырдың сыйы – жәннат. Өзара жанашырлық айы. Бұл айда мүміннің ырзық-несібесі еселенеді. Кімде-кім осы айда ораза тұтқан бір жанға ауызашар жасаса, оның күнәсі кешіріліп, тозақтан азат етіледі. Ораза тұтушының сауабынан да ешнәрсе кемітілмейді» деген. Осы бір керемет насихаттан Рамазан айының қадір-қасиетке толы екенін көреміз. Рамазан – Құран түскен құтты ай. Рамазан – берекесі мол ай. Бұл айда ораза ұстаған әрбір жан еселеген сауапқа кенеледі. Хадис құдсиде: «Ұлы Алла Тағала айтады: «Адам баласының тек оразадан басқа амалының барлығы өзі үшін. Ал, ораза – Мен үшін, оның сауабын Өзім беремін» деген. Сонымен қатар, ораза сабырға шақыратын ай. Мұсылман кісі күллі нәпсі қалауларынан өзін тыйып, құлшылыққа сабыр танытып, оразасын шын ниетімен ұстаса, оның сыйы – жәннат екенін айтады. Тіпті пенденің ізгі ниеті үшін, сауапты үміт қыла отырып ұстаған оразасы себепті жасаған күнәлары кешіріледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Кімде-кім Рамазан айында шынайы сеніммен, сауапты бір Алладан ғана күтіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі» деген. Алла Тағала былай дейді: «Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды... Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын...». («Бақара» сүресі, 183,185-аяттар) Сондықтан бұл айда жасалған әрбір жақсы амалдар елеусіз қалмай, сауабы еселене түседі.

ОРАЗА КЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ ДҒАЛАРДЫ ОҚЫП ЖҮРГЕН АБЗАЛ?

– Рамазан құлшылық жасауда, сауапты істер жасауда мол мүмкіндіктер айы. Өсіресе, бұл айда Алланы көп зікір қылып, молынан дұға-тілектер жасағаны абзал. Себебі, ораза ұстаушының дұғасы қабыл етіледі. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ораза ұстаушының ауызашар алдындағы дұғасы қайтарылмайды» деп айтқан. Мүмкіндігі мол айда Құран аяттары, Пайғамбар хадистерінде келген дұғаларды шынайы ықыласпен Алладан сұраған дұрыс. Мұнымен қоса қарыздан құтылу, берекелі ризық сұрау, салихалы жар мен ізгі ұрпақтар тілеу, қиындықтан шығар жол және аурудан шипа сұрайтын дұғалар жасауға болады. Яғни дүние мен ақыретіне жақсылық әкелетін дұғалар жасауда жалықпай, табанды әрі ықыласты болу қажет.

Рамазан айында жасайтын бірнеше қажетті әрі мағыналы дұғаларды келтіре кетейін. Мәселен, мына дұғаны өте жиі айтып жүруге болады: «Раббәнәә әәтинә фид-дүниә хасанатән. Уә фил әәхирати хасанатән. Уә кинәә ‘азаабән-наар». Мағынасы: Иә, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де, ақыретте де жақсылық бер. Және бізді жәһаннам азабынан сақта». Бұл дұға екі дүниеміздің жақсылығы үшін жолбасшы.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйреткен мынадай дұға бар:

«Аллаһуммә, өэинни ʼәлә зикрикә, уә шукрикә, уә хусни ʼибәдәтик». Мағынасы: «Я, Алла! Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге әрі Өзіңе көркем түрде құлшылық етуге маған жәрдем бер!». Шынайы мұсылман зікір етуде, шүкір жасауда, құлшылық етуде әлсіздікке түсіп қалмауы үшін осы дұғаны айтып жүргені абзал екен.

Пайдалы білім, қабыл болатын амал, адал несібе иесі болуды қалаған адам бұл дұғаны да үнемі айтып жүргені жақсы: Айтылуы: «Аллаһуммә, инни әс-әлүкә ʼилмән нәфиъән, уә ризқан тайибән, уә ʼәмәлән мутәқәббәлән!». Мағынасы: «Я, Алла! Расында, мен Сенен пайдалы білім, адал ризық-несібе әрі қабыл болатын амал сұраймын!». (Ибн Мәжәһ, Насаи)

Айша анамыз (Алла оған разы болсын) Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Алла Елшісі! Егер мен Қадір түнінің басталғаны туралы білсем, не айтуым керек?» – деп сұрайды. Бұған Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаһуммә иннәәк ʼБафрун, тухиббул-ʼаффуа фаʼффу-ʼяnnи». «Иә, Аллаһым! Расында, Сен – Кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің. Мені кешіре гөр!» деп айт» деп үйретеді. Бұл дұғаны да жаттап, шын жүректен айтып жүрсеніз, қателік-күнәларымыздың кешірілуіне мүмкіндік болады.

РАМАЗАН АЙЫНДА ҚАНДАЙ САУАПТЫ ІСТЕР ЖАСАҒАН ДҰРЫС?

– Өте орында сауап. Рамазан айында парыз оразаны шынайы иманмен ұстаудың өзі сауап. Ал бірақ мұсылман баласы сауап алуда мұнымен шектеліп қалуына болмайды. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Егер Рамазан айы келсе, жәннат есіктері ашылып, жәһаннам есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді» деп айтқан. Жәннатқа жетелейтін сауапты амалдар жасауға мүмкіншілік мол екенін байқаймыз. Сондықтан қандай сауап амал болмасын уыстан жібермей,оны жасап қалу керек. Әр адам жасай алады деген қарапайым сауапты амалдар тізіміне тоқталайын.

*Әрбір пенде қателесуші, күнә жасаушы. Тәубе айында үлкенді-кішілі күнәлары үшін өкініп, Алладан кешірім сұрау – сауап амал.

* Құран айы болғандықтан сүрелер үйреніп, оны әрдайым оқып жүруді әдет ету.

*Үнемі Алланы зікір ететін сөздер айтып жүру.

*Ораза ұстаған кісіге ауызашар жасау (құрма, су алып беру).

*Жақсы сөз айтып, ауызды әдеттегі жаман сөздерден сақтау.

*Үлкендерге сәлем беру. Ауырып жатқан кісінің көңілін сұрау. Жылы жүзді болу. Көрші, ағайынмен жақсы қарым-қатынас жасау.

*Ренжіткен жандарды кешіріп, ренжітіп алған кісілерден кешірім сұрау. Ренжіскендерді татуластыру.

*Айналаға жақсылық жасап жүру. Азғантай болса да садақа беру.

Осылай әрбір жақсы амалды сауапты істер қатарына қосып айта беруге болады. Алайда мұның барлығы сауапқа айналу үшін ең алдымен дұрыс ниет пен шынайы ықылас қажет. Сонда ғана жасаған бұл амалдар сауапқа айналып, Алланың разылығына жеткізеді.

ҰЛЫ РАМАЗАН АЙЫ

Салман Фарси риуаят етеді: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шағбан айының ақырғы күні бізге қарап: – Уа, адамдар, сендер ұлы айға кірдіңдер. Онда мың айдан да жақсы және қайырлы Қадір түні бар. Алла бұл айда ораза ұстауды парыз қылған. Түнгі ғибадатты еріктеріңе қалдырған. Кім бұл айда бір сауап іс жасаса, ол сауабынан тысқары бір парызды орындағандай болады. Бұл ай – сабырлылық айы. Сабырдың сауабы – пейіш. Бұл ай өзара жәрдемдесудің айы. Бұл айда мүміннің ризығы артады. Кім бұл айда ораза ұстағандарға ауыз аштырса, бір құлды азат қылғандай сауап табады.

Күнәлары кешіріледі, – деді. Біз: – Уа, Алланың Елшісі, бәрімізде ораза ұстағандарға ауыз аштыратындай мүмкіншілік жоқ қой? – дедік. Ол: – Алла бұл сауапты ораза ұстаған кісіге бір ұрттам сүт, бір ұрттам су не бір құрмамен ауыз аштырған пендеге де береді. Кім бір ораза ұстаған кісіні тойдырса, бұл оның күнәларының кешірілуіне себеп болады. Жаратқан Иесі оның шөлін менің бұлағымнан қандырады және ол мәңгілік шөлдемейді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан: «Менің үмбетіме Ораза айында бес өзгешелік берілді, бұл менен бұрынғыларға берілген емес:

1. Ораза ұстаған кісінің аузының иісі Алла үшін мисктен де жақсы.
2. Періштелер ауыз ашарға шейін ораза ұстағандардың күнәларының кешірілуін сұрайды.
3. Бұл айда шайтандар байланады.
4. Алла әр күні пейішті сәңдейді және «Тақуа пенделерім жамандық және қиыншылықтан құтыларына жақын қалды» дейді.
5. Ол айдың ақырғы түні оларды кешіреді». Сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі, ол Қадір түні ме?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жок. Бірақ әрбір жақсы іс жасаған кісінің жақсы істері қабыл болғанда сауаптары беріледі» деді.

Бетті дайындаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

ĞIBADAT

Бұл айдың басы – рақым, ортасы – кешірім, аяғы – тозақ отынан құтылу. Кім бұл айда қызметшісінің жүгін жеңілдетсе, Алла оны тозақтан азат қылады. Сендер бұл айда төрт нәрсені көбейтіндер. Осы төрт нәрседен екеуімен Жаратқан Иелеріңді разы қыласыңдар. Қалған екі нәрсе сендерге сөзсіз керек. Жаратқан Иелеріңді разы қылатын екі нәрсе «Лә иллаһа иллаллаһ», яғни «Алладан басқа сыйынуға лайық құдай жоқ» деген сөз және өз әлсіздіктеріңді мойындап, Алладан кешірім сұраңдар. Сендерге сөзсіз керек болған екі нәрсе пейіш пен тозаққа тиесілі. Сондықтан бұл айда Жаратқан Иелеріңнен пейішті сұраңдар. «Тозақтан құтқара көр» деп Алладан сұраңдар» деп жауап береді.



– Ораза кімдерге парыз? – Ораза әрбір мұсылман, балиғат жасына толған, ақыл-есі бүтін ер мен әйелге парыз.

– Балиғат жасы дегеніміз қандай жас? – Ұл бала үшін 12 жасқа дейін, қыз бала үшін 9 жасқа дейінгі аралық.

– Көрілік себепті ораза ұстауға мүлде шамасы келмейтін кісі не істейді? – Әрбір өткізген күні үшін мұқтаж адамды бір мәрте

тамаққа тойдырады.

– Рамазан оразасын басында үш күн, ортасында үш күн, соңында үш күн ұстауға бола ма? – Оразаны басында үш күн, ортасында үш күн, соңында үш күн ұстаған адам Рамазанды толық ұстаған адам ретінде есептелмейді. Рамазан оразасы толық бір ай ұсталады.

– Намаз оқымайтын адамға ораза ұстауға бола ма? – Намазға әлі жығыла қоймаған адамның ораза ұстауына болады. Себебі, намаз өзінше бір парыз, ал ораза мүлде бөлек парыз.

– Аяғы ауыр не емізүлі баласы бар әйелдер ораза ұстай ма? – Аяғы ауыр не емізүлі баласы бар әйелдер ораза ұстап-ұстамай жайында білікті дәрігермен ақылдасқаны жөн. Ұстамаған жағдайда кейінірек қазасын өтейді.

– Ораза кезінде тіс пастасын қолдануға бола ма? – Тіс пастасын сәресі кезінде және ауыз ашқаннан кейін пайдаланған абзал.

– Ораза кезінде тіс емдетуге, жұлдыруға бола ма? – Ауырып, маза бермей жатса,

емдетуге де, жұлдыруға да рұқсат. Тек тістен шығатын қан, ауыз шаятын сұйықтық дәрілер тамақтан өтіп кетпеуін қадағалау керек.

– Ораза кезінде укол салдыруға бола ма? – Тамырға салынатын, денеге күш беретін система секілді уколдар оразаны бұзады. Ал теріге салынатын, денеге күш бермейтін уколдар оразаны бұзбайды.

– Ораза кезінде түкірік, қақырық жұтуға бола ма? – Түкірік, ауыз сілекейі, қақырық ол – табиғи нәрсе. Олар оразаны бұзбайды. Тек ауызға әдейі толтырып жұтпау керек.

– Ораза кезінде шаш, тырнақ, дене түктерін алуға бола ма? – Шаш, тырнақ, дене түктерін алу тазалыққа жатады. Оларды алу оразаны бұзбайды.

– Мұрын, тіс қанаса ораза бұзыла ма? – Мұрын, тіс қанаса ораза бұзылмайды. Тек тамақтан өтіп кетпеуі керек.

– Сәресіге ұйықтап қалған адам не істейді? – Сәресіге ұйықтап қалған адам таң атып кеткенін білсе, ештеңе ішіп-

жемей оразасын ұстап кете береді.

– Аузы берік адамға сағыз шайнауға бола ма? – Ораза кезінде дәмі бар не жоқ болса да сағыз шайнамаған дұрыс.

– Ораза кезінде байқамай тамақ жеп не су ішіп қойса не болады? – Ораза кезінде байқамай тамақ жеп, не су ішіп қойса одан ораза бұзылмайды. Ораза екені есіне түскен сәтте аузындағы тамақты алып тастау керек. Сол күнгі оразасын ары қарай жалғастыра береді. Қазасы жоқ.

– Ораза кезінде ашуланғаннан, біреумен ұрысып-төбелескеннен ауыз ашыла ма? – Ораза кезіндегі ұрыс-керістен ауыз ашылмайды. Ондай жағдайда оразаны сауабы кемиді.

– Ораза кезінде қан тапсыру оразаны бұза ма? – Ораза кезінде аздаған мөлшерде анализ үшін қан тапсыру оразаны бұзбайды. Ал көп көлемде болса, мысалы, біреуге қан құю үшін болса, ораза бұзылады.

– Аузы берік адам алыс сапарға шығатын болып қалса не істейді? – Алла Тағала ораза уақытында сапарға шыққан адамға аузын ашуға

BILGENGE MARJAN

рұқсат еткен. Ол адам ұстамаған күндерінің қазасын Рамазан айы біткен соң өтеуі керек.

– «Ораза ұстаған адамға ауызашар берсе, оған ұстаған адамның сауабындай сауап беріледі» делінген хадиске сәйкес ораза ұстамай-ақ ауызашар бөріп сауап ала берейін деген түсінік қаншалықты дұрыс? Ол адамның мойнынан ораза парызы түсе ме? – Ораза ұстаған кісілерге ауызашар беру мол сауапқа қол жеткізеді, бірақ ауызашар берушінің мойнынан парызды түсірмейді. Ол кісі де басқалар секілді ораза ұстауға міндетті.

– Ауызашар кезінде бірінші ауыз ашқан дұрыс па, әлде ақшам намазын оқып алып ауыз ашу керек пе? – Ауызашар уақыты кірген кезде бірінші ауызды не құрмамен, не сумен ашып алған дұрыс. Сосын ақшам намазын оқып алып дастарханға қайта отыруға болады.

ЖАБАЙЫЛЫҚТЫҢ ШЕГІ

Балалар ойын алаңы қай кезде де өзекті мәселе. Онсыз да смартфонға үңілген баланы бір уақыт таза ауаға шығарып, серуендетіп ойнатқымыз келеді. Бірақ бәріне бірдей жағдай жасала қоймаған. Себебі көпқабатты үйлердің бірінде ойын алаңы болса, ендігісіне ойын алаңы арман. Ал бар дүниені қирататындар үшін әңгіме бөлек. Сонымен бүгінгі ойын алаңы талапқа сай ма? Бізде қанша ойын алаңы бар? Оның қаншасы жөндеу жұмысынан өткізілді? Биыл неше ойын алаңы тұрғындардың игілігіне берілмек? Осы туралы тарқатып айтамыз.

Дінмұхаммед СЫРЛЫБАЕВ, “Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлім басшысының орынбасары:

20 ойын алаңы пайдалануға беріледі



Қаладағы балалар ойын алаңының бірнешеуін аралап, көзбен көріп шығуға тура келді. Әріптесім Нұрболат Нұржаубай екеуміз қалаға қарасты Қосшыңырау ауылдық округінен бастап, “Досан” ауылы, одан кейін Сарқырамаңың бойы, орталық алаң, ескі базардың жанындағы көпқабатты тұрғын үйлерді, “Арай” мәлтек ауданын аралап шықтық. Фотоаппаратын асынған әріптесім өз жұмысына кірісті. Тұрғындарды әңгімеге тартып, ойын алаңының мән-жайын білдік. Бір қызығы, бүтін дүниені бүлдіруге өзіміз де құмар екенбіз. Себебі тозығы жетті деген күннің өзінде әдейілеп сындырғандары жетерлік. Бала ойнайтын өткеншеkte ересектер де отыр.

— Былтыр “Жұмыспен қамту жол картасы” аясында бізде 30 ойын алаңы салынды. Қабылдап алдық. Ойын алаңының ішінде 3 жинақ болады. Футбол алаңы, спорттық тренажер, балалар ойын алаңы. Футбол алаңының көлемі стандарт болып бекітілді, жоба бойынша 13,24 метр. Тренажерға 11 элемент қойылды. Балалар ойын алаңында өзіндік талаптар бар, айналасының барлығы қоршалған. Биыл да дәл сол жоба бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Бірінші кезекте әлеуметтік желіге, бізге тікелей өтініш жазғандардың тізімін жасақтадық. “Біздің аумақтың ойын алаңы қираған, жөндеу керек, бізге ойын алаңы керек” деген мәселе көп түседі. 2020 жылы қажет ететін тізімді жасап, 30 алаңды пайдалануға бердік. Биыл 10 ойын алаңын салып жатырмыз. Былтыр ескі тұрғын үйлердің ауласына салдық. Шанхай мәлтек ауданы, Тайманов көшесі, Титовқа екі ойын алаңы, Жаппасбай батырға 1 ойын алаңы, қаланың ортасына Бөкейхан, Панфилов жатақханасы ауласына, Мұратбаев көшесіндегі

ескі үйлердің ортасына салдық. Бірінші кезекте ескі үйлердің ауласын қамтыдық. Сол жағалауда 5 тұрғын аудан бар. Бірінші кварталға 5 ойын алаңын қойдық. Футбол алаңы мен тренажер бар. Конкурс бойынша солай берілді, ал қалғаны СПМКА тұрғын ауданына 2-еуі, Астана мәлтек ауданына 1-еуін қойдық. Арай тұрғын ауданына 2-еуі қойылды. Өйткені ол үйлердің пайдалануға берілгеніне 5 жылдан аса уақыт болды. Үйлердің аумағын абаттандыру бойынша ешқандай мемлекеттік қаражат қаралмаған. Мердігерлер кезінде үй салғанда өз қаражатына салған. Өз қаражаты болған соң, бірі металдан, бірі пластиктен салған, арнайы жоба бойынша жасамаған. Өздерінің қаражат есебінен салғандықтан, біз оларға талап қоя алмадық. Қазіргі таңда салынып жатқан ойын алаңдары қадағалаудан өткен, тағы 10 ойын алаңының орнын белгілеп жатырмыз. Мердігер компания анықталды. “Сапа кз” мекемесі келісім шарт бойынша мамыр айында 10 ойын алаңын тапсыруы керек. Салынған

ойын алаңдарының сапасына байланысты арыздар түсіп жатады. Өрине темір болған соң қирайды, сынады. Ересек жігіттердің де отырып алып, сындыратын жағдайлары жиі кездеседі. Ерғешбаев, 62 б ауласында өткеншекті үлкендер отырып қиратқан. Одан бөлек жарықты сындырып, торларды жыртып кеткен. Шанхайда да бар. Жөндеу мердігер мекеменің келісімшарт тараптарының міндетінде көзделген. Кепілдеменің ішінде 1,2 жыл күтіп ұстайды. Қираса жөндейді, бұзса істейді. Дегенмен де адам факторынан зардап шегіп тұр. Камазбен де соғып кеткендер бар. Вандализммен болып жатқан соң оған мердігер мекеме де шырылдайды, бірақ солай болатынын алдын-ала білдік деп айтып істеміз. Одан бөлек былтыр 60 ойын алаңына күрделі жөндеу жұмыстары алаңдары қадағалаудан өткен, тағы 10 ойын алаңының орнын белгілеп жатырмыз. Мердігер компания анықталды. “Сапа кз” мекемесі келісім шарт бойынша мамыр айында 10 ойын алаңын тапсыруы керек. Салынған

Дулат ТАУБАЙ, Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі:

БАРЛЫҒЫН ЖӨНДЕУГЕ ҚАРЖЫ ЖЕТПЕЙДІ

Қосшыңырау ауылдық округіне ойын алаңы салынғалы бірнеше жыл болды. Бүгінде өткеншектің өзі адам қорқатындай халде. Баланы жіберерін жіберіп алып, қайта-қайта қарап тұру ауыл тұрғындарының күнделікті әдетіне айналды. Одан қалды ойын алаңын қоршап қойған сымның өзіне бала бір жерін зақым қыла ма деп қорқасыз.



— Ойын алаңын жөндеу жұмыстары жоспарда бар. Бұл алаң 2011-ші жылы салынды. Одан бері қанша уақыт өтті. Ауыл тұрғындарының да жаны ашымайтынын жасыра алмаймыз. Себебі сырттан келіп ешкім сындырып кетпейді. Үлкен азаматтардың өзі үстіне отырып алады. 11 жылдың ішінде темірдің тоз-тозын шығарды. Былтыр футбол алаңының торын қайтара салдырып қойғанбыз. Жырттып тастады. Оны істеп жатқан өзіміздің балалар. Оларға бірдеңе деп көрініз. Ата-анасы келіп, менің жағамнан алады. “Бәрі шығып жатыр ғой” дейді. Десе де жөндеу жұмыстарын

жүргізу жоспарда бар. Бұл ойын алаңын ИП “Аида” ұтып алды. Сметасымен танысты. Быыл футбол алаңын істейді. Ойын алаңының барлығын жөндеуге қаржы жетпейді. Былтырдан қалған қаржыны иеруді жоспарлап отырмыз. Қоғамдық кеңес мүшелерінің шешімімен алдымен футбол алаңын жөндеуді қолға алдық. Ал ойын алаңына былғы бөлінген қаржыдан артылғанына жөндеу жұмыстарын жүргізетін шығармыз. 2017 жылы мал жайылып жүретін жер ғой. Сосын әкімшіліктің жаны, балалар ойын алаңының қасы болған соң мүмкіншіліктің ыңғайына қарай жасап қойғанбыз.

Барлығын қаржы шешетіні айтпасақ та белгілі. Бір жылғы жоспарды орындасақ, содан қалған қаржыға керекті жұмыстарды жасаймыз. Бөлінген қаржыдан артылғанын қоғамдық кеңес мүшелерімен ақылдаса отырып, ортақ іске жұмылдырамыз. Қаражат болмаған соң сол күйінде тұр. Қоршау келінде 5-6 миллионды қажет етеді. Себебі аумағы үлкен. Алдағы уақытта үнемделген қаражат есебінен жөнделеді деп тұрмыз. Ал “Досан” ауылындағы ойын алаңына үнемделген қаражатты әкімшіліктің рұқсатымен конкурста шығарамыз. Ол ойын алаңын жөндеу келер жылдың жоспарында бар.

Бағдат АРЫСТАНОВ, Қосшыңырау а/о тұрғыны:

Жобам қолдау таппады

Ауыл балаларына алданатын дүние керек-ақ. Мәселен, спорт көшенін салуды жоспарлаған жас жігіттің бастамасы аяқсыз қалды.



— Ауылдағы ойын алаңының түрі бәрімізге белгілі. Біз ауыл жастары ауылға керекті дүниені, кем-кетігін білеміз. Барлығымыз бірлесіп, ауыл жұмыстарын жүргізуді қолға алдық. Мәселен, газ мәселесі шешімін табады деген үміттеміз. Оған да ауыл тұрғындарының тиізген үлесі зор. Ол үшін журналистер шақырып, республикалық арналардан көгілдір отынның керекін айттық. Енді жерде ауылға жеке кәсіпкер өз қаражатымен салдырған мешітті аяқтап, ішкі жұмыстарын жүргізуді ауыл жастары, тұрғындары қолға алды. Бірі қаржымен көмек берсе, енді бірі әрлеу, сырлау жұмыстарын жауапкершілігіне алып жатыр. Ал ойын алаңы бізді де алаңдататыны рас. Ауыл тұрғындары үшін спорт көшенін салып бергім келеді. Оны тұрғындар жазсыз біледі. 2020 жылы ТОО Газстройгрупп мекемесі Қосшыңырау ауылдық округіне жекеменшік әріптестік аясында спорт көшенін салуға облыстық спорт басқармасына ұсынысын айтты. Олар ауылды зерттеп, қажет деп тауып бізге келісім берді. Дегенмен де жердің құжаттарын рәсімдеуге байланысты 2021 жылға қалып қойған болатын. Облыстық спорт басқармасы биыл жекеменшік әріптестік аясында қаржыландыру болмауына байланысты облыс бойынша бұндай жобаларды тоқтата тұру керекін айтты.

Дәулет ТҰРСЫНХАНҰЛЫ, Қоғалыкөл ауылының тұрғыны:

«Үш жылдақ бері электр энергиясых реттей алмай отырған аудандық Әкімдіктің ойына ойық алаңы қайда келсік»

Барлық жұмысты әкімшілікке ысырып, мойын бұра беруге де болмайтын шығар. Бізде “әкімшілік қайда қарап отыр” деген тіркес үйреншікті сөзге айналып кеткендей. Қалай болған күннің өзінде де әкімшілік істемеген істі тұрғындар өзі бастама көтеріп, істей берудің өзі де дұрыс шығар. Баламыздың ойнағаны, біздің ұсыымдамағанымыз өзімізге керек қой. Бізге де енді Қоғалыкөл тұрғындарының бастамасын қолға алатын уақыт келген сыңайлы. Әйтпесе сынған үстіне сына беретін дүние жуық арада жөндеуден өтетініне күмәнмен қарайтынымыз жасырын емес.

— Қазір ауылдық жерлер өз қаражатын тиімді пайдаланудан бөлек демеушілік көмек пен халықтың өз қолынан келетін шаруаларды реттеуді қолға алған. Біз тұратын Қоғалыкөл ауылындағы ағартушы

Ыбырай Алтынсарин атындағы көшенің балалары жол бойында ойнайтын. Ата-ана баласын ойнауға жіберген құрлы үйінде тақымын қысып, ауық-ауық алаңдап бітітін-туғын. Кейде ойланамын, бала күнде біз азаннан қара кешке

шейін ойнаушы едік, бізде ешкімнің шаруасы жоқ болатын. Қызық ие. Таяуда көше бойындағы үйлердің арасында ақ соры шығып жататын бос жерді жергілікті әкімдік пен демеушілер тиімді пайдаланып, балапар ойнайтын алаңқай салып берді. Расымен, қазір қолы қалт етсе әжелер немерелерін ертіп, сонда барады. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін сол жерде тынығатын болды. Одан бөлек, абаттандыру жұмыстарына биыл мектеп бітіргендеріне 30 жыл болған керек. Ойын алаңын сындырып, оны егіп, арнайы алаңқай ашып жатыр. Таяуда шаруашылық төрағасы да ауылдың бұрыш-бұрышында балалар ойнайтын алаңқайлар

салып, әрбір көшенің өз ойын алаңын салып бермекші. Бүгінде оған қажетті материалдар алынып, жұмыс басталып кеткен. Менің ойымша, тұған жердің алдындағы перзенттік парыз деген бар. Сол осы тақырыпта қозғалса, ары қарай да ойды дамыта беруге болады. Әйтпегенде, аудан бюджеті ауылдағы бір көшенің электр энергиясына 3 жылдан бері қаржы бөлуге шамасы жетпей жатқанда, ауыл халқы ауданнан күдерін үзген. Олар қыста жылы, жазда қоңырсалқын кабинеттен шықпай отыра берсін. Міне, өз күшімен өзіне қажетті қолдан жасап алып отырған ауыл халқы осындай.

Гүлмира ӘБІҚАЙ, журналист:

Мемлекет балаларды қорғауға әлсіз

Жақында инстаграм әлеуметтік желісіне бір жігіт өзінің ойын алаңын қалай сындырып жатқанын жариялады. Бұл халықтың назарын аударды. Алматы полиция департаменті ол жігітті бірден тапты. Әдеттегідей жігіт кешірім сұрады. Бұл шынымен де замандастардың салғырттығы.

— Алматы. Көп қабатты үйдің ауласында футбол ойнап жүрген 5 жасар балақайдың үстіне темір қақпа құлады. Сөйтсе, 5 жыл бұрын орнатылған қақпаның түбі бекітілмеген екен. Балақай ес-түссіз ауруханаға

жеткізілді, жағдайы ауыр, өзирге отаны көтере алмайды деді дәрігерлер. Байғұс ата-ана шыр-пыр болып қалды. Ал әкімдік футбол алаңын орнатқан мердігер компанияның басшысын іздеп әлек.

Екінші оқиға. Есіл қаласы. Колледжге сабаққа кеткен жасөспірім үйіне тірі оралмады. Сабағы бітіп, агроколледжден сыртқа шыққаны сол еді, ғимараттың шатырдағы бетоны құлап, астында жаншылып қалды. 16 жасар бала сол жерде жантөсілім етті. Өрине екі оқиғада да қылмыстық іс қозғалған шығар. Алайда бұл факт мемлекет ересек тұрмақ балаларды қорғауға әлсіз екенін көрсетеді. Балаларға арналған құралдар орнату,

қабылдау т.б. процедураларда жауапкершілік жоқ. Балалар алаңын мүлтіксіз деп қабылдағандар да жауапқа тартылу керек. Тозығы жеткен ғимаратты балалар оқуына жарамды деп қабылдаған кім, жауапқа қоса тартылуы керек. Үлкендер өзімізді өзіміз қорғауды үйрендік, ал балалардың қауіпсіздігін кім ойлайды? Балаға жауапсыз қараған адамға қылмыстық жауапкершілікті арттыру керек. Ойын алаңын сындырып, оны әлеуметтік желіге өзі жариялады. Ісі ерлік жасағанмен пара-пар. Осындай малғұндарды не істейміз? Басқа сөзім жоқ. Қандай мейірімсіз, ұятсыз ұрпақ өсіп келеді? Түнделетіп барып тыныш тұрған балалар алаңындағы темір өткеншекті

сындырды. Бұл “ісіне” қасындағы қыз да риза, алматылық Санжардың батырлығына массаттанғаны сондай өз видеосын өз инстаграмға жариялады. Полиция тауып, ұстап еді. “Я молодой, бла-бла... прошу понять и простить” деп қуып тұр. Саналы түрде барып өткеншекті сындырды, ауланын бүкіл балаларын қызықтан қакты, енді қайдағы кешірім? Алматы полиция департаменті қасақана бұзақылықты кешіріп қарап отырмайды деп сенемін. Санжар лайықты заңмен жазалансын, айыппұл салынып, қамауға алынсын. Шығып келген күні балаларға өткеншекті өз қаржысына тұрғызсын. Соңғы кезде істерін істеп алып, халықтан кешірім сұрағыштыр топырлап кетті.

P.S Әрбір бала ойын арқылы өседі. Ой-өрісі мен ойлау қабілетін дамытатын, қиялына қанат бітіретін қызықты ойындар балаларға кішкентай кезінен бастап қоғаммен араласуды үйретеді және татулыққа тәрбиелейді. Қаламыздағы әрбір үйдің жанында әртүрлі өткеншекттер орнатылған балалардың ойын алаңы болу қажет.

Мөлдір САБЫРЖАН,
Суреттерді түсірген НҰРБОЛАТ НҰРЖАУБАЙ



Жерлесіміз Тұрсынбай Құлахмет Дубайда (БАӘ) өткен бокс кешінде сәтті өнер көрсетіп, бірінші орта салмақта WBC International атағын қорғап қалды. Қарсыласы осыған дейін 20 рет жеңіске жетіп, оның 13 кездесуін нокаутпен аяқтаған тәжірибелі венесуэлалық Хебер Рондонды оңай жеңгенін өткен санымызда хабарлаған едік. Осы жеңісі үшін боксшымыз орта салмақтағы BoxRec рейтингінде 48 сатыға көтерілді.

Кездесуден соң қазақстандық сарапшы Айдар Махметов боксшы Тұрсынбай Құлахметтің венесуэлалық Эбер Рондонмен өткізген жекпе-жегі үшін қанша гонорар алғанын көпшілікке жариялады.

– Былғары қолғап шебері Тұрсынбай Құлахмет кәсіби шаршы алаңдағы үшінші жекпе-жегі үшін 210 000 доллар табыс тапты. 70 секунд үшін жақсы табыс, – деп жазды спорт сарапшысы MakhmetovSport Telegram арнасында. Бұл – кәсіпқой бокста үш кездесу

КАСКЫРЛАР “КАСПИЙЦЕН” БАСЫМ ТҮСТІ



Футболдан OlimpBet Қазақстан чемпионатының 4 турында “Қайсар” “Каспийды” қабылдап, 2-1 есебімен жеңіске жетті.

Кездесудің алғашқы жартысында қонақтар алаңда белсенділік танытып, есеп ашты. Руслан Мингазовтың голынан кейін ойынның бірінші кезеңі өзгеріссіз аяқталды.

Үзілістен кейін Әбілдаев бапкер құрамға өзгеріс орнатып, алаңға тыңнан ойыншылар қосты. Төрешінің ысқырығынан кейін алаң

иелері шабуылға ден қойып, Каролис Лауккемьяс таразы басын теңестірді. Кездесудің 82 минутында Шоқан Абзалов Гегам Кадемиянның пасын ұтымды пайдаланып, командасын алға шығарды.

Қорытынды есеп 2-1!

“Қайсар” - “Каспий” 2-1

Голдар: Мингазов 26, (0-1); Лауккемьяс 47, (1-1), Абзалов 82, (2-1)


Қайсар: Леонов, Кеңесов (Сарбай 84), Потапов, Усман, Карпович, Денкович, Байжанов (Чадженович 46), Құрманбекұлы (Битаң 62), Лауккемьяс (Абзалов 56), Махан (Кадемян 46), Нәрсілдаев.

ЖОЛДАМА САҒЫ АРТТЫ

жамбасқа салып лақтырды. Осы үш әдіс те төрешілер тарапынан төрт ұпаймен бағаланды. Нәтижесінде отандасымыз келесі айналымға өтті.

Жартылай финалда Ахметова Оңтүстік Кореяның өкілі Ким Хен Джумен айқасты. Жарақаты жанына батқанына қарамастан

мүмкіндігі болды. Бастапқы бәсекелерінде корейлық Ханбит Лиден айласын асырғанымен ол моңғолиялық Цереншимедке жол берді. Ал жартылай финалда үндістандық Сонам Сонамнан ұтылды. Бір өкініштісі, екі ретінде де қазақ балуаны алғашында қарсыласынан бес-алты ұпай озып тұрды. Бірақ бәсеке бел ортадан



ол Азия ойындарында үш мәрте, құрлық чемпионатында төрт рет жүлдегерлер қатарынан көрінген сақа спортшыға сан соқтырды. Сөйтіп, Татьяна Ахметова көздеген мақсатына қол жеткізіп, Олимпия ойындарының жолдамасын қалтасына басты. Ақтық сында күресуге дәрігерлер рұқсат бермеді.

62 кило салмақ дәрежесіндегі Аяулым Қасымованың да жолдама алуға жақсы

ауғанда Аяулым білгенінен жаңылып, жеңісті уысынан шығарып алды.

Әйелдер күресінен моңғол қыздары ең көп лицензияға қол жеткізді. Айтулы елдің төрт аруы Жапонияға баратындардың санатына қосылды. Қырғызстан, Үндістан, Қытайдың екі және Жапония мен Қазақстанның сұлуларына бір-бір жолдамадан бұйырды.

ТҰРСЫНБАЙДЫҢ ТАБЫСЫ

өткізген боксшы үшін тамаша жетістік, қомақты қаржы.

Біз осы ретте Тұрсынбай Құлахметтің бұған дейінгі өткізген екі кездесуіне шолу жасап көрмекпіз. Ол кәсіби рингтегі алғашқы жекпе-жегін 23 тамыз күні Алматы қаласында өткізіп, онда отандасы Сағадат Рахманқұловты (6-2, 4КО) уақытынан бұрын жеңген болатын. Сөйтіп, Тұрсынбай кәсіпқой бокстағы мансабын сәтті бастады. Одан кейінгі Тұрсынбай Құлахмет пен Маклей Макгоуэн арасындағы кездесу MTK Global және TOP Rank компаниялары ұйымдастырған Йоркширдегі (Англия) бокс кешінің басты жекпе-жегі болды. 10 раундтық айқас тартысты өтті. 7-раундта қазақстандық былғары қолғап шебері қарсыласын нокаутқа жіберді. Алайда ұлыбританиялық боксшы тез есін жиып, кездесуді соңына дейін жалғастырды. Айқас соңында төрешілердің шешімімен бірауыздан Құлахмет жеңімпаз атанды. Кәсіпқой бокстағы екінші жеңісінен-ақ қазақстандық боксшы бірінші орта салмақта WBC International белбеуінің иегері атанды.

«Міне, жаңа чемпион! Тұрсынбай Құлахмет өзінің екінші кәсіпқой жекпе-жегінде төрешілердің бірауыздан шығарған шешімімен Маклей Макгоуэнді жеңіп, WBC Халықаралық титулын жеңіп алды. Қазақтың шоқ жұлдызын жарқын болашақ күтіп тұр!» деп жазды MTK Global ресми Twitter-де.

Кездесуден соң боксшы да жекпе-жектен алған әсерімен бөлісті.

– Мен екінші жекпе-жегімнің Англияда өткеніне қуаныштымын. Бұл – бокстың отаны. Мұнда бокс жыл сайын дамып келеді. Жергілікті жанкүйерлерге жақсы жекпе-жек көрсеттім деп ойлаймын. Екінші жекпе-жегімде WBC белбеуін жеңіп алғанымға қуаныштымын. Құдай қаласа, келесі жылы толық белбеу үшін күресемін, – деп уәде берді.

Қазақстандық боксшыны қазір Ұлыбританиядағы беделді мамандардың бірі Джейми Мур жаттықтыратынын айта кеткен ләзім. Ол Карл Фрэмpton, Джек Каттералл, Рокки Филдинг, Стивен Уорд сияқты боксшылармен жұмыс істеген. Сонымен қатар Мур Геннадий Головкиннің бұрынғы қарсыласы Мартин Мюррейді де жаттықтырған. Бүгінде сол тізім ішінде біздің боксшымыздың есімі қатар аталады.

Кәсіпқой боксқа ауысқан сәттен бастап MTK Kazakhstan менеджерлік компаниясымен келісімшартқа отырған Құлахмет жөнінде аталмыш менеджерлік компанияның басшысы Асқар Салықбаев әуел баста оң пікірін білдірген.

– Тұрсынбай – әуесқой бокстан қазақ елінің үш дүркін чемпионы. Ислам ойындарының және бірқатар халықаралық турнирдің жеңімпазы. 2019 жылғы Азия чемпионы. 2019 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері. Әуесқой бокста 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Ол – өз қатарындағы Қазақстанның ең үздік боксшыларының бірі. Біздің ынтымақтастығымыз нәтижелі және жемісті болып, үлкен жеңістерге бірге жетеміз деп үміттенеміз, – деп боксшыға үлкен сенім артты. Бүгінде сол сенім толықтай ақталуда. Боксшы диттеген мақсатына қадам басып келеді. Оның қазіргі деңгейі, алдағы мүмкіндігі жөнінде PR менеджер, спорт журналисі Серік Ноян айтып берді.

– Рингте өзін өте сенімді ұстайды, еркін қимылдайды, аяқпен де жақсы жұмыс істейді. Соққылары да мығым. Көбіне қарсыласын бақылауда ұстап жүріп, оған қысым көрсету арқылы жеңіске жетуге әрекет жасайды. Өр жекпе-жек сайын дами түсетініне еш шүбә келтірмейміз. Болашағынан көп үміт күттіреді. Жасы 27-де. Үлкен айқастарға шығуына толық мүмкіндік бар.

Бірінші орта салмақта мықтылар өте көп. Қазақстандық Садриддин Ахмедов те осы салмақта. Эрисланди Лара, Брайан Карлос Кастаньо, Тим Цзю, Джермалл Чарло секілді үздік боксшылар бар. Тұрсынбай да алдағы уақытта осы қарсыластарымен кездесуді мақсат етіп отырғаны анық. Ол алдағы 1-2 жылдықта чемпиондық айқастарға толықтай дайын болады деп ойлаймын, – дейді Серік.

Тұрсынбай Құлахмет үшінші кездесуінде де өзінің толық бабында екенін көрсетті, дәлелдеді. Венесуэланың мақтаулы спортшысын қиналмай-ақ, көп күш жұмсамай-ақ жеңді. Өзірге Құлахметтің еншісінде үш жеңіс бар. Бұл бастамасы ғана. Осы мақтаулы жетістіктері оған алдағы кездесулерде үлкен мүмкіндік сыйлап, чемпиондық жекпе-жектерге даңғыл жол ашары сөзсіз.

Өткен аптаның сенбісінде әйелдер күресінен Азия чемпионаты өтіп, Токио олимпиадасына лицензиялар ойнатылды. Жалпы әйелдер құрамасы 2019 жылғы әлем чемпионатында екі жолдаманы қоржынға салған еді.

Қалған қыздарымыз диттеген мақсатына Алматыда қол жеткізуді көздеді. Алатау баурайында ұйымдастырылған іріктеу турнирінде төрт бұрымдымыз боз кілемге шықты. Өкінішке қарай, қатарынан екі кездесуде жеңілістің кермек дәмін татқан Эмма Тисина (57 кило) мен Жамиля Бақбергенова (68 кило) жарыс жолынан шығып қалды.

Барша жанкүйер 53 кило салмақта өнер көрсеткен Татьяна Ахметованың жанкештілігі мен табандылығына риза болды. Төрт дүркін Азия чемпионы, Азия ойындарының қола жүлдегері деген атағы бар 35 жастағы ардагер спортшы тұсаукесер кездесуінде тәжікстандық Ватансултан Шакаршоеваға шаң қаптырса, іле-шала моңғолиялық Болотуя Бат Очирмен белдесті. Бәсеке барысында 0:8 есебімен ұтылып жатқан Татьяна аяғынан ауыр жарақат алғанына қарамастан қарсыласын үш рет

“БАЙҚОҢЫРДЫҢ” ЖАҢА ҚҰРАМЫ

FC BAIKONUR 2021



Бірінші лигада бақ сынайтын “Байқоңыр” футбол клубының жаңа маусымдағы құрамы белгілі болды. Ерлан Махамбедиевтың ел біріншілігіне қатысатын шәкірттері төмендегідей.

Қақпашылар:
№1 Нұрмат Сәрсенов (2003);
№72 Дамир Байшылыков (2001).
Қорғаушылар:
№15 Бағдат Жүсіпов (2002);
№22 Қуаныш Кемәлұлы (1994);
№26 Ғалым Жұбатыр (1999);
№31 Ислам Рахметов (1995);
№33 Бекзат Бектай (2000);
№37 Сәбит Шегебай (2001);
№55 Бауыржан Қалиев (2000);
Жартылай қорғаушылар:
№8 Самат Балымбетов (1994);
№25 Бауыржан Мағжан (2002);
№28 Бақдәулет Нәрсілда (1999);
№29 Нұрәулет Әмірбек (2001);
№32 Нұржан Рақыш (2001);
№35 Диас Темірханов (2001);
№59 Еркебұлан Кенжебай (1999);
№79 Руслан Махан (2000);
№93 Айдар Мешітқалиев (2000);
№95 Қуаныш Советов (1995);
№96 Айбол Жахаев (1996);
Шабуылшылар:
№18 Қасымхан Алпысбаев (2000);
№98 Бақдәулет Жүзбай (1998).

ҒАЖАЙЫП ҚАСИЕТКЕ ИЕ АДАМДАР

Адамның көпшілігі бір-бірінен ерекшелену үшін түрлі талант пен күштің иесі болғысы келеді. Фантастикалық фильмдегідей үстелдегі затты көзбен жылжыту немесе алдыңыздағы адамның ойын оқу, болашағын алдын ала білу сынды қасиет иесі болуды армандайды. Дегенмен мұндай дарын кейбір адамдарда туа бітті пайда болады.

ҰШАТЫН АДАМ

Бұрын-соңды ұшатын адам жайлы естідіңіз бе? Ауырлық күшін жеңіп, кеңістікте қозғалу



зандылығын меңгерген белгілі адам – Даниэль Данглас Хьюм. Ол XIX ғасырда Шотландияда өмір сүрген. Күегерлер оның жерден көтеріліп, ұшып жүргенін бірнеше рет сипаттаған. 1867 жылы ол үйінің жатын бөлмесінің терезесінен үш адамның күелігінде ұшып шығып, қонақ үйдің терезесінен қонған. Юмның бәделі мінсіз, оны ешқашан алаяқтық немесе көзбояушылық жасады деп айыптаған емес. Ол өз қойылымына тәуелсіз сарапшыларды, соның ішінде белгілі ғалымдарды да шақырып отырған. Хьюм жас кезінен Еуропаны аралап өз қабілетін көпшілікке көрсеткен. Сөйтіп танымалдығы артқан. Бірақ кейбір дін өкілдері мұның қылығын ерсі көріп, қудалаған. – Менің көпшілік біле бермейтін бірнеше қабілетім бар. Егер сіз осы құбылысты белгілі бір деңгейде түсіндіре алсаңыз, мен сіз айтқан кеңесті қуана тыңдаймын және кез келген ақылға қонымды экспериментке қатысуға дайынмын. Мен бұл қабілетті басқармаймын. Оларды қолданбаймын, бірақ олар мені пайдаланады. Бұл қабілетім бірнеше айға жоғалып кетеді, содан кейін қайта пайда болады. Мен тек «енжар» аспаптан басқа

ештеңе емеспін, – деген. Бірақ ұшатын адамның өмірі қысқа болған. Ол 1886 жылы 38 жасында қайтыс болған.

РЕНТГЕН-ӘЙЕЛ



1987 жылы 37 жастағы Донецк тұрғыны Юлия Воробьеваның денесін кранның кабинасындағы ақау салдарынан 380 вольтты тоқ соғады. Дәрігерлер оны өлдіге санап, денесін мәйітханаға жібереді. Бірнеше күннен кейін Юлия оянды. Юлияның бойында ерекше қабілет бірден пайда болған жоқ. Алты ай бойы ол бас ауруы мен ұйқысыздықтан азап шеккен. Содан кейін ауру басылып, оның орнына керемет қабілет пайда болған. Ол алғаш рет аялдамада тұрған әйелдің "ішкі ағзаларының қимылын" көргенде ол өзін есі ауысқандардың қатарына қосқан. Кейін Юлия Федоровна өз шеберлігін халық игілігіне жұмсауға ниеттенеді. Ол Донецк ауруханасына жұмысқа тұрып, бірнеше науқастың өмірін сақтап қалды. Рентген-әйел диагноз қойған кезде ешқашан қателеспеген. Ол өзінің қабілетін түсіндіре алмайды. Тек адам ішкі ағзасын көре алатынын айтады. Юлия Воробьева бүкіл әлемге әйгілі болды, бірақ өзінің керемет талантын ешқашан өз пайдасына жаратпаған.

МҰЗ АДАМ



Голландия тұрғыны өте төмен температураға оңай төтеп беретінімен танымал. Вим Хоф бірнеше рет мұзды суда өзінің қабілетімен әлемдік рекорд

орнатты. Ол өзінің бұл қабілетін он жеті жасында байқайды. Кейін өзінің ерекше қабілетін дамыта отырып, денесін қатайтады. Сондай-ақ дұрыс тыныс алу үшін көп жұмыс жасаған. Егер дұрыс дем алатын болса, онда иммунитет жоғарылайды, дене оттегімен қаныққан және қартаю процесі баяулайды. Содан болар 50 жастағы әйгілі мұз адам өзін әлі жас сезінеді. Вим мұзды суда жүзгенді, қарда жалаң аяқ жүзгенді әдетке айналдырған. Ол арктикалық шеңберден тыс жиырма шақырымдық марафонға қатысып, ауа температурасына қарамастан, жұқа киіммен Эверестті бағындырған. Төрт жыл бұрын Хоф Набиб шөліндегі марафонға да қатысқан. Осылайша ол жоғарғы температураға да төзімді екенін дәлелдеді. Дененің осындай ғажайыптарын көрсете отырып, Вим саламатты өмір салтын насихаттайды. Ол барлығына ауруды ұмытып, позитивті және бақытты болуға шақырады.

ТЕМІР ЖЕГІШ

Мишель Лотито-Францияның атақты адамы, және ол өзінің гастрономиялық тәуелділіктерімен танымал. Өйткені ол бейорганикалық



заттарды жейді. Ең алғаш тоғыз жасында Мишель шамды жеп, достарын таңдандырған. Кейін ол көпшілікке жеуге болмайтын заттарды жей бастады. Мысалы, велосипедтер, теледидарлар, шыны және резеңке заттар. Ол осы қабілетін елге ақшаға көрсету арқылы күн көреді. Мишель бұл заттарды жеу үшін олар әдетте

кішкене бөліктерге бөліп көп мөлшерде су ішіп, жұтқыншақты зақымдамау үшін аздап май қосып жейді. Таңқаларлығы, Мишельді зерттеген дәрігер Гурманның ас қорыту проблемасы жоқ екенін растады. Жалғыз ауытқу – асқазанның қабырғаларының қалыңдығы қарапайым адамдарға қарағанда екі есе үлкен. Бұл Мишельге ұшақты, бірден емес, екі жыл ішінде жеуге мүмкіндік берді. «Сесна – 150» ұшағы Лотитоның денесінде із-түссіз жоғалып кеткен. Ол өмір бойы бірнеше велосипедті, шамдарды, керуетті, теледидарды жеген.

АУЫРСЫНУДЫ СЕЗБЕЙТІН КРИНЛАНД



Тим Кридланд тағы бір ерекше адам. Оның феноменальды қабілеті-ауырсынуға ерекше төзімді. Тим мектепте жүріп ауырсынуды сезінбеу қабілеті бар екенін байқайды. Ол сыныптастарының көзінше қолын үлкен инемен тесіп, кез келген температураға оңай төтеп берді. Кейін Кридланд өзінің денесін жақсы білу үшін адам анатомиясын мұқият зерттеді. Кейін көпшілікке қорқынышты трюктерді көрсете бастайды. Ол от пен өткір қылышты жұтып, шегелерге жатып, семсермен, үлкен инемен мойны мен бетін тесе алады. Ол сондай-ақ арқанды жұтып, оны қайта тартып шығара алуымен де танымал. Дәрігерлер де Кридландтың керемет ауырсынуға төтеп бере алатындығын растады.

Дайындаған: А.ҚАРЖАУБАЙ



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 ЖЫЛ

Еліміздегі ерекше пішіндегі «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы әлемдегі шатырлы ең биік ғимарат ретінде Гиннесс рекордтар кітабына кірген. Елорданың ғажайып ғимараты сегіз жыл ішінде Астана символдарының біріне айналып үлгерді.

ХАН ШАТЫР

Ғимарат алып мөлдір шыныдан жасалған әлемдегі ең ірі шатыр. Елордада бой көтерген ғимарат қала күніне орай 2010 жылы 6 шілдеде ашылған. Елбасының идеясын жүзеге асыру әйгілі британдық сәулетші Лорд Норман Фостерге тапсырылды. Британдық Foster&Partners фирмасы жобалаған нысанның металл қаңқасы – 2300 тонна, биіктігі 150 метрді құрайды. Ал жалпы ауданы – 127 мың шаршы метр. Бас мердігер –Түркияның Sembol Construction құрылыс серіктестігі.

Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет туындысы – бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі сауда-ойын-сауықты біріктірген елордадағы алғашқы орталық. Нысан күн сәулесін өткізетін мөлдір шыныдан



және полимерлі жабынмен бекітілген болат темір арқаннан құрастырылған. Арнайы химиялық құрам шатырдың кеңістігін температураның ауытқуынан қорғап, нысан ішіндегі микроклиматты сақтап тұрады. Осы және өзге де технологиялардың арқасында «Хан Шатыр» әлемдегі он эко-ғимараттың қатарына енді. Бірегей орталық күмбесінің астында Мальдив аралдарынан арнайы әкелінген жұмсақ құм төселген, тропикалық өсімдіктері бар жабық жағажай орналасқан. Хауыздардың бірінде орналасқан жасанды толқын нағыз теңіз жағалауында демалып жатқандай сезімге бөлейді.

(15-21 сәуір)

JULDYZ - JORAMAL



ТОҚТЫ

Апта басы қызықты жаңалықтарға толады. Белең алатын оқиғалар сіздің бастамаңыз арқылы өрбиді. Қолыңыздан келетін істі жетілдіріп, өмірге өзгеріс енгізуге ұмтылыңыз. Жан тебіренерлік қайталанбас оқиға күтіп тұрғанын естен шығармаңыз.



АРЫСТАН

Жақын арада тауға саяхаттайсыз. Дегенмен сәл қиындық туындауы мүмкін. Берілмей, істі соңына дейін жеткізсеңіз, бәрі жоспарлағандай болады. Өзіңіз білмейтін белгісіз қырыңызды ашуыңыз мүмкін. Соны тұншықтырып алмаңыз.



МЕРГЕН

Бүгін романтикалық кешке немесе маңызды кездесуге баруыңыз мүмкін. Болашаққа жоспар құрып, достардың ортасында демалуға қолайлы уақыт болады. Жақындармен ренжісіп, сөзге келіп қалудан сақтаныңыз. Қомақты қаржы жұмсар алдында сенімді адамдармен ақылдасқан жөн.



ЕГІЗДЕР

«Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» демекші, өзіңіз тауып алған қиындықтармен күресуге тура келеді. Ішкі жан дүниеніңіздің мықтылығының арқасында айналадағы оқиғаларды жеңесіз. Қиындықтан қорықпасаңыз, жеңіс сіз жақта болады.



ТАРАЗЫ

Бар назарыңызды жұмысқа бөліп, қарым-қатынасқа келгенде тұйықталып қалдыңыз. Өзгеріс енгізіп, аптаны достар мен отбасыға арнаңыз. Бірақ кез келген адамға сыр ақтара бермеген жөн. Осы аптада көп шығындаласыз. Жаңа дизайнерлік киім, жиһаз бен техникалар сатып аласыз. Бірақ шығындалу жаңа табыс көзін іздеуге бастама болады.



БАЛЫҚТАР

Жұлдыздар асықпай шешім қабылдауға кеңес береді. Шынайы мүмкіндікті дер кезінде аңғармасаңыз, сіз үшін қиын болуы мүмкін. Сонымен бірге жұмыс ауыстырып, бөтен аймаққа көшуіңіз мүмкін. Шешім қабылдамай, ұзақ жүріп алудан сақ болыңыз. Өйткені бұл күйзеліске әкеледі.



Кезекші редактор: Е.ШӨРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8516
Тапсырыс №538